

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
«Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған  
республикалық кітапхана» РММ

Кітапхана ісін дамыту,  
библиография және тифлология бөлімі

**Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған  
республикалық, облыстық, қалалық  
арнаулы кітапханалардың  
2020 жылғы жұмысына  
аналитикалық және статистикалық шолу**

Алматы, 2021



## Кіріспе

Бүгінгі қоғамда оқырман мен кітапты байланыстыратын алтын көпір ол – кітапхана. Көне жазбалар мен сирек кітаптар секілді кітапхананың да тарихы өте ескі дәуірлерден бастау алады. Кітапхана дегеніміз – мәртебесі биік киелі шаңырақ.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде: «XXI ғасыр – мәдениеттің, ғылым мен білімнің ғасыры деп атасақ, ондағы бар білімнің қайнар көзі – кітапхана» деген болатын. Бұл дегеніміз бүгінгі ұрпақ, ертеңгі ел азаматтарына білім мен тәрбиенің сапалы берілуі керектігі және соның аясында еліміздегі білім беретін руханият ордасы болып табылатын кітапханалар қызметінің алар орны маңызды екендігін білдіреді.

Кітапхана – оқырманның рухани талап-тілегін қанағаттандырумен қатар, әлемдік ақпарат көздерін толық жинақтап, оқырманға жеткізуші болып табылады. Осындай оқырманға жан-жақты қызмет көрсететін кітапханалардың бірі зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханалар жүйесі.

Қоғамдық өмірде зағип азаматтар да басқа тұлғалар секілді тең дәрежелі білім алуға, ақпарат алуға және барлық іс-шараларға белсене қатысуға толықтай құқылы. Осы орайда, біздің елімізде зағип жандарға ақпараттық-кітапханалық қызметті сапалы әрі кең көлемде жеткізіп, олардың өмір сүру деңгейін жақсартып, заман талабына сай жаңа технологияларды меңгерулеріне атсалысатын арнаулы кітапханалар қызметі жұмыс істейді.

Арнаулы кітапхана – мүмкіндігі шектеулі қолданушылардың өздерін толыққанды сезінуге мүмкіндік беретін аймақ. Осы ерекше топтағы оқырмандарға әлеуметтік көмек көрсетіліп қана қоймай, оларды әлеуметтік оңалтуға, сұраныстағы ақпараттарды ұсынуға

барлық жағдай жасалуда. Бүгінгі таңдағы арнайы кітапхана – бұл заманауи ақпараттық, мәдени білім беру мен бос уақытты тиімді өткізуге арналған тифлоақпараттық және тифлокеңес беретін мамандандырылған орталық.

Арнаулы кітапхана қызметінің мақсаты – зағип және нашар көретін жандарды заманауи өмірге үйрету, тәжірибелік қызметте қажетті ақпаратты іздеу және қолдану, оларды әлеуметтік-мәдени өмірде өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға бағыттау болып табылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Біз мәдениет саласында жұмыс істейтін азаматтарға жеткілікті түрде көңіл бөлмей отырмыз. Бұл – ең алдымен, кітапхана, музей, театр қызметкерлеріне қатысты мәселе» деп атап көрсеткен болатын. Қазіргі таңда арнаулы кітапханалар қызметі зағип жандардың мүмкіндігін арттыру мақсатында ҚР-ның «Қазақстан-2050» стратегиясы; Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына арнаған жолдауы, «Болашаққа бағдар - рухани жаңғыру» бағдарламаларын жүзеге асыру, «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» саясаты аясында және Елбасымыздың бес институционалдық реформасын жүзеге асыруға бағытталған «100 нақты қадам» Ұлттық жоспарын жүзеге асыру мақсатында; «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты Қазақстан халқына жолдаған үндеуін насихаттау, «Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамыту», гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру, зағип ақындардың шығармашылығын насихаттау, ҚР аталып өтілетін және еске алынатын күндер тізбегін жасау, кітап көрмелерін ұйымдастыру, ақын-жазушылардың, белгілі қайраткерлердің мерейтойларын атап өту және т.б. түрлі әдістерді пайдалана отырып, кітапханалық-ақпараттық қызметтер көрсетіп келеді.

Осы орайда, «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ-нің «Кітапхана ісін дамыту, библиография және тифлология» бөлімі әдістемелік жұмыстарды негізге ала отырып, аналитикалық қызмет барысымен таныстырады. Ол арнаулы кітапханалар қызметі туралы өзгерістерді, жаңа мәліметтердің пайда болуын үздіксіз қадағалаудан тұратын әдістемелік мониторингке негізделеді.

Әдістемелік мониторинг объектілеріне: жалпы республика бойынша мемлекеттік кітапханалардың жылдық есеп жиынтығы, оқырмандар саны мен келім саны, кітапхана қорының құрамы және оны қолдану, техникалық құрал-жабдықтар, электрондық ресурстар, кітапхана қызметкерлерінің құрамы, кітапханалардың қазіргі жағдайы, сондай-ақ, Республика бойынша арнайы кітапханалардың 2020 жылға берілген ақпараттық және статистикалық есептері мен атқарған жұмыстарына талдауы жатады.

Басылымға енген негізгі тараулар: республика бойынша облыстық арнаулы кітапханадағы өзгерістер, кітап қорын толықтыру және оны сақтау шаралары, мерзімді басылымдарға жазылу, кітап оқуды дамыту шаралары, оқырмандарға қызмет көрсету және ұйымдастыру, әдістемелік қызметпен қамтамасыз ету, жаңа ақпараттық технологияның енгізілуі, қоғамдық ортамен байланыс, материалдық-техникалық базасы.

Қазақстан Республикасы зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханалардың 2021 жылдың 1 қаңтарындағы көрсеткіші бойынша 7 облыстық, 5 қалалық, 3 арнаулы бөлімі мен 1 филиалы және «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» республикалық мемлекеттік мекемесі бар. Оның ішінде арнаулы кітапханалардың 111 кітапханалық пункттері мен 5 филиалы жұмыс істейді.

Қолымыздағы басылым жыл сайын шығарылып отырылатын облыстық, қалалық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханалардың аналитикалық және статистикалық шолуының кезекті басылымы.

Басылымда берілген мәліметтерге әр кітапхана өзі жауапты болып табылады.

Басылым мәдениет саласының басшыларына, арнаулы кітапхана қызметкерлеріне, студенттерге және осы салаға қатысты барлық мамандарға арналады.

### **Арнаулы кітапханалардың негізгі міндеттері:**

- мүмкіндігі шектеулі азаматтардың ақпараттарға еркін қол жеткізуі, оқып білім алуы үшін конституциялық құқықтарын қамтамасыз етуге жағдай жасауда түрлі басылымдағы кітап қорларына (нүктелі-бедерлі қаріпте, дыбыстандырылған, жайпақ баспа қаріпте, электронды ресурстар) қол жеткізуін қамтамасыз ету;

- арнайы кітапхана жүйесінің әлемдік ақпараттық қауымдастыққа және халықаралық интеграция мен жаһандану процесіне енуін қамтамасыз ету;

- кітапхана пайдаланушыларының рухани сұраныстарын қамтамасыз ету;

- кітапхананың имиджін қалыптастыру, бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

- кітап арқылы рухани және зерделі дамуды басты құрал етіп, жеке оқырман қызығушылығы мен қажеттілігін қанағаттандыру, шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыру;

- «Автоматтандырылған ақпараттық жүйе – ҚР-ның арнаулы кітапханасы» бағдарламасын кітапхана ісінде жандандыру: зағип жандарға арналған кітапханалар жұмысын толық автоматтандыру, электронды каталогтарды ұйымдастыру, республика бойынша арнаулы кітапханалар

жүйесін құру, халықаралық деңгейде деректер қорынан мағлұмат алмасуға қол жеткізу;

- Қазақстанның барлық арнаулы кітапханаларының қорын толықтыру мақсатында түрлі бағытта арнаулы басылымдар қызметін дамыту, әдістемелік-библиографиялық құралдарды басып шығару;

- зағип және басқа санаттағы мүмкіндігі шектеулі азаматтарға кітапханалық қызмет көрсетудің жаңа түрлерін іздеу мақсатында кітапхана қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру;

- кітап қорын оқырмандар сұранысына, талап-тілектеріне сай арнайы әдебиеттермен толықтыру;

- үй абонементі қызметімен қатар, компьютермен жұмыс істеуге мүмкіндігі бар оқырмандарға интернет желісі арқылы кітапханалық қызмет көрсету жұмысын жалғастыру;

- республикадағы арнаулы кітапханалар мен ЗНКААРК пункттеріне, филиалдарына әдістемелік және кеңестік көмек көрсету;

- кітапханада жүргізілетін әрбір көпшілік шаралардың мағыналы, мазмұнды болуы үшін және мүмкіндігі шектеулі азаматтарды әлеуметтік қорғауға, оларды қоғамдық шараларға тарту үшін тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етуге көмегін тигізетін қоғамдық ұйымдар, мекемелер, білім ордаларымен бірлесе жұмыс істеу;

- зағип жандарды қоғамда қалыптастыру және дағдыландыру мақсатында жаңа тифлоақпараттық технологияларды енгізу;

- зағип және нашар көретін пайдаланушыларға әмбебап қор мен заманауи ақпараттық іздестіру жүйесін пайдалана отырып жедел және сапалы қызмет көрсету;

- Қазақ соқырлар қоғамының орталық басқармасымен, Қазақ соқырлар қоғамының Алматы бөлімшесінің қоғамдық бірлестігімен тығыз жұмыстар атқару;

- мүмкіндігі шектеулі азаматтармен жұмыс істейтін Мәдениет үйімен, түрлі ұлттық орталықтармен, үкіметтік емес

ұйымдармен, «Көмектес» қоғамдық қайырымдылық қорымен, «Жігер» мүмкіндігі шектеулі қоғамдық жастар ұйымымен, Алматы қаласындағы жоғары оқу орындары мен колледждері, Н. Островский атындағы зағип және нашар көретін балаларға арналған мектеп-интернаты, Есік қаласындағы облыстық көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы мектеп-интернаты, т.б. ұйымдармен бірлесе жұмыс жасау;

- ТМД елдері кітапханаларымен меморандумға қол қойып, халықаралық кітапханалық қарым-қатынасты нығайту және тәжірибе алмасу;

- жарнамалық қызмет түрлерін нығайту;

- арнаулы кітапханалардың мәдени мекемелер арасындағы өзіндік орнын қалыптастырып, беделін арттыру;

- кітапхана қызметкерлерінің шығармашылық тұлға ретінде жұмыс жасауына, кадр құрамын нығайтып, кітапханашылардың кәсіби шеберлігін арттыруды ұйымдастыру, кітапхананың материалдық-техникалық базасын нығайту;

- «Мәдени мұра» бағдарламасы, «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында және т.б. үнемі насихаттауды талап ететін Жолдаулар мен бағдарламаларды оқырмандарға өз деңгейінде жеткізу.

### **Республика бойынша зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханалардағы өзгерістер**

01.01.2021 жылғы берілген есеп бойынша зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханалар жүйесінде **7** облыстық, **5** қалалық, **3** арнаулы бөлім, **1** филиал, «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» республикалық мемлекеттік мекемесі («ЗНКААРК» РММ) бар. Сондай-ақ, арнаулы кітапханалардың 111 кітапханалық пункті мен 5 филиалы оқырмандар үшін жұмыс істейді.



Олардың кітап қоры – **999 499** дана, оқырман саны – **24 273**, оның ішінде зағип және нашар көретін оқырмандар саны – **12 150**. Яғни, республика бойынша зағип азаматтарды кітапханалық қызметпен қамту **23,8** %-ды көрсетеді.

### Республика зағип азаматтарын кітапханалық қызметпен қамту %

Арнаулы кітапханалар ағауы	Зағип және нашар көретін тұрғындар саны (қала, облыс бойынша)	Зағип оқырмандар саны	Нашар көретін оқырмандар саны	Зағип және нашар көретін азаматтардың кітапханалық қызметпен қамтылуы
Ақтөбе облыстық	1010	250	150	39,6 %
Нұр-Сұлтан қалалық	500	242	258	100 %
Атырау ОӘК арнаулы бөлімі	786	213	290	64 %
Алматы ОК арнаулы бөлімі	1325	172	201	28,2 %
Шығыс Қазақстан облыстық	1307	419	399	62,6 %
Жамбыл облыстық	615	417	198	100 %
Батыс Қазақстан облыстық	1512	400	404	53,2 %
Қарағанды облыстық	3571	344	471	22,8 %
Қызылорда облыстық	1001	417	565	98,1 %
Қостанай ОӘК арнаулы бөлімі	4500	131	192	7,2 %

Көкшетау қалалық	1503	640	250	59,2 %
Маңғыстау ОӘК филиалы	721	96	198	40,8 %
Павлодар облыстық	27853	183	889	3,8 %
Петропавл қалалық	671	1104	414	226,2 %
Семей қалалық	560	171	100	48,4 %
Шымкент қалалық	2329	289	129	17,9 %
«ЗНКААРК» РММ	1286	845	709	120,8 %
<b>Барлығы</b>	<b>51050</b>	<b>6333</b>	<b>5817</b>	<b>23,8 %</b>

Республика бойынша мүмкіндігі шектеулі азаматтар аз тұратын жерлерде стационарлық қызметтен тыс арнаулы бөлімдер, филиалдар мен кітапханалық пункттер жұмыс істейді.

Павлодар облыстық көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасында **12** кітап беру пункті бар. Оның ішінде, 5-еуі қала ішінде (қалалық мүгедектермен жұмыс жасайтын клубы, «Қазақ соқырлар қоғамы» Қоғамдық бірлестігі, облыстық арнайы мектеп-интернат, № 82 арнайы көру қабілеті нашар балаларға арналған балабақша және «Альрами клуб үйі» менталды ауытқулары бар жандарға арналған Қоғамдық бірлестігі).

Ғ. Сланов атындағы Атырау облыстық ғылыми-эмбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы бөлімнің ішінде **1** кітап беру пункті бар.

Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасында **15** кітап беру пункті жұмыс істейді.

Батыс Қазақстан облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасы

орталықтандырылған кітапханалар жүйесімен келісім шарт бойынша **14** кітап беру пункттерімен жұмыс істейді (қалалық қарттар үйі мен облыстық көру қабілеті бұзылған арнаулы мектеп-интернаты). Оның ішінде, 12-сі аудандық және 2-еуі қалалық.

Қ. Сыдиықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған филиалының **2** кітап беру пункті бар (Бейнеу ауданында және Жаңаөзен қаласында).

С. Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасына қарасты Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған бөлімде **4** кітап беру пункті бар (Талдықорған медициналық колледжі, Текелі аудандық бастауыш ұйымы, Қарабұлақ аудандық бастауыш ұйымы, «Ерлік» қалалық мүгедектер қоғамы).

Қызылорда облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасы **3** кітап беру пунктімен қамтылған (Шиелі аудандық кітапханасында және Арал, Қазалы аудандарына жылжымалы кітапхана жұмысына бөлінген кітапханашылар қызмет көрсетеді).

Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасында орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің зағиптарға қызмет көрсету бөлімдері 9 ауданда **9** пункт жұмыс жасайды.

Шығыс Қазақстан облыстық зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы әдістемелік қызмет көрсету мақсатында аудандағы **9** кітапханалық пунктке (Алтай қаласы, Аягөз қаласы, Күршім ауданы, Глубокий ауданы, Защита к/п, № 19 мектеп тифлопедагогтары) кеңес беріп келеді.

Көкшетау қалалық зағип және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасында **8** кітап беру пунктері (Ақкөл, Атбасар, Зеренді, Макинск, Степногор, Сандықтау, Щучье) мен **1** филиалы (Көкшетау қаласындағы «Өркен» балабақшасы) жұмыс істейді.

Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы 18.09.2018 жылға дейін Түркістан облысы көлемінде 14 аудандық зағип оқырмандарға қызмет көрсетіп келген, ал қазіргі таңда кітапхана қалалық статус алғандықтан филиалдар мен пункттерге қызмет көрсетпейді.

Л. Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы бөлімінде ағымдағы жылда **1** филиал мен **15** кітап беру пункттері бар.

Петропавл қаласының зағиптар мен нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасында **9** кітап беру пункті жұмыс атқарып келеді.

Қарағанды облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасының **5** кітап беру пункті және **2** филиалы (Теміртау, Шахтинск қалаларында) жұмыс істейді.

«ЗНКААРК» РММ-де **5** кітапханалық пункт жұмыс істеуде.

Қазіргі таңда республика бойынша арнаулы кітапханалар жүйесін дамыту, облыстарда зағип және нашар көретін тұрғындар аз тұратын елді-мекендердің зағип тұрғындарын стационарлық қызметтен тыс кітап беру пункттері мен филиалдар арқылы кітапханалық қызметпен қамту тұрақталған.

## Кітап қорын толықтыру

Кітапхана жұмысының мазмұнды, мағыналы болуы – кітап қорының қазіргі заман талабына сай және оқырмандар сұранысын қамтамасыз етуге лайықты болып толықтырылуында. Зағип оқырмандардың талабы мен сұранысын қанағаттандыру үшін кітапханаға жинақы да пайдалы, қызықты да қажетті кітап қоры қажет.

2020 жылы арнаулы кітапханалардың кітап қоры – **999 499** дананы құрады, оның ішінде **220 078** данасы, яғни **22 %**-ы қазақ тілінде. Кітап қоры 2019 жылмен салыстырғанда **4427**-ге кеміген.

Жыл бойы республикадағы арнаулы кітапханалардың кітап қорына **17 144** дана жаңа басылымдар түскен, оның ішінде **8 327** данасы қазақ тіліндегі басылымдар. Өткен жылмен салыстырғанда **3 081**-ге кеміген.

Кітап қорын толықтырудың негізгі көздері: ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің мемлекеттік тапсырыстары, кітап дүкендері, кітап таратушы ұйымдар мен оқырмандардан кітапханаға сыйлық ретінде келіп түседі, сондай-ақ, бюджеттік қаржы мен демеушілер тарапынан да қор толықтырылып отырылады.

*Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы* 2020 жылы бюджет қаржысына 1061,6 мың теңгеге 190 дана, мемлекеттік тапсырыспен 62 дана, сыйға 44 дана кітап және 207932 теңгеге 43 дана мерзімді басылымдар, барлығы 339 дана кітапхана ресурстары алынған. Жаңа түскен әдебиеттер есепке алынып, суммарлық, инвентарлық кітаптарға тіркелген, кітапханалық өңдеуден өткізіліп кітап қорының тиісті бөлімдеріне орналастырылған. Үй абонементі қызметі арқылы сұраныстар қанағаттандырылып, тапсырыс бойынша кітаптар жеткізілген.

Кітапхана 2019 жылдың қаңтар айынан бастап зағип жандарды электронды кітаптармен қамтамасыз ететін «Логос» бірінші интернационалды онлайн кітапханасымен келісім

шартпен бірлесіп жұмыс атқарады. «Логос» онлайн кітапханасы қоры ұсынған түрлі бағыттағы аудио кітаптарды ақысыз алуға қол жеткізілді. Арнаулы кітапхана оқырмандары кітапхана арқылы «Логос» қорындағы кітаптарды жүктеп тыңдай алады. Осы қызмет түрін пайдалану үшін арнайы тифлофлешплеер сатып алынған.

Кітап қорын тозығы жеткен және мазмұны ескірген кітаптардан тазартып, есептен шығару жұмыстары тұрақты жүргізілген. 2020 жылғы барлық кітап қоры 36510 дананы құрайды. Өткен жылмен салыстырғанда 2853-ке кеміген.

*Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасының* кітапхана қоры оқырмандардың, оның ішінде зағип жандардың кез-келген сұранысына жауап беруге мүмкіндік беретін толық жинақталған қорға ие болатын маңызды ақпараттық ресурс болып табылады. Толықтырудың негізгі көзі Мәскеу, Алматы, Шымкент дыбыс жазу студиялары болып табылады. Кітапхана қоры газет және журналдармен толықтырылып, картотека жүргізіп отырған. Кітапхана қоры мемлекеттік және орыс тілдерінде 2095 дана нүктелі-бедерлі қаріптегі әдебиеттер, 8806 дана дыбыстандырылған әдебиеттер, 8347 дана жайпақ баспа қарпіндегі кітаптармен қамтылған. Есепті кезеңде кітапхананың жалпы кітап қоры 19248 дананы құраған, бұл өткен жылмен салыстырғанда 190-ға артқанын көрсетеді.

*Ғ. Сланов атындағы Атырау облыстық ғылыми әмбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы бөлімі* 2020 жылы Абай тағылымын зағип жандар арасында насихаттау мақсатында және арнаулы бөлім қорында нүктелі-бедерлі қаріпте Абай шығармаларының болмауына байланысты зағип жандарға қолжетімді болу үшін Абай шығармалары жинағын (100 өлең) және қара сөздерін басып шығарды. Сонымен қатар, ҚР рәміздері күніне орай Қазақстан Республикасының

Рәміздерінің сипаттамасын зағип жандар үшін Брайль қарпімен және нашар көретін азаматтарға үлкен қаріпте теріліп, кітап етіп басылып, оқырмандарға ұсынды. Жалпы кітап қоры жыл соңында 28611 дананы құрады. 2019 жылмен салыстырғанда 100-ге артқан.

*С. Сейфуллин атындағы Алматы облыстық кітапханасы зағип және нашар көретін азаматтарға арналған бөлімі* кітап қорын мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нүктелі-бедерлі қаріптегі әдебиеттерден – 6456, оның ішінде 371 қазақ тілінде, дыбыстандырылған әдебиеттер - 3288, оның ішінде қазақ тілінде 530 дана, электронды тасымалдағыштағы әдебиеттер - 1050, оның ішінде қазақ тілінде 315 дана, жайпақ баспа қаріпті әдебиеттер - 25425, оның ішінде қазақ тілінде 7456 дана, грампластинка 43 дананы құраған. Қорда тифлология, дефектология бойынша әдебиетер кеңінен қолданысқа ие. Қазақстандық жазушылардың таңдаулы шығармалары қазақ және орыс тілдерінде мемлекеттік, облыстық бюджет қоры тарапынан толықтырылып отырылады. Кітапхана бөлімінің жалпы кітап қоры жыл соңында 30206 дананы құрады. 2019 жылмен салыстырғанда 101 данаға артқан.

*«Шығыс Қазақстан облыстық зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы» КММ* кітап қоры ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңына сәйкес толықтырылады. Ағымдағы жылы «Магазин книги» ЖШС және республикалық кітапханалар, оқырмандар мен жазушылар сыйға тартқан кітаптармен толыққан. Жыл көлемінде кітапханаға 15 кітап сыйға берілді. Жалпы кітап қоры жыл соңында 82953 дананы құрады. 2019 жылмен салыстырғанда 436-ға кеміген.

*Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасының* 2020 жылдың қорытындысы бойынша кітап қорына келіп түскен жаңа әдебиеттердің жалпы саны 111 аталым 1170 дана, оның ішінде қазақ тілінде 811 дана. Кітап қорынан шыққан басылымдар саны: мерзімді

басылымдар 339 дана, оның ішінде қазақ тілінде 213 дана. Есепті жылы кітапхананың жалпы кітап қоры 38073 дананы құрайды. 2019 жылмен салыстырғанда 1105 данаға артқан.

*Батыс Қазақстан облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасы* кітап қорын толықтырудың негізгі көздері: ЖШС Нұр-Төбе (Шымкент), «Чтение» баспасы (Санкт-Петербург), «Чинар» баспасы (Мәскеу), ИПТК «Логосвос» (Мәскеу), ЖШС «МипоРепро» (Мәскеу), Ж. Молдағалиев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы. Ресейлік баспалардан арнаулы әдебиеттер мемлекеттік сатып алу бойынша ЖШС «All&Companу» (Алматы) арқылы сатып алынды. Ж.Молдағалиев атындағы ОӘҒК-нан 323 дана жайпақ баспа қаріпті әдебиеттер келіп түскен. Жалпы кітап қоры жыл соңында 44528 дананы құраған. Бұл дегеніміз 2019 жылмен бірдей көрсеткішті көрсетеді деген сөз.

*Қарағанды облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасының* кітап қорын толықтыру көздері – облыстық бюджет, мемлекеттік тапсырыспен және сыйға алынған кітаптар болып табылады. Есепті кезең ішінде кітапхана сатып алудың балама көздерін де пайдаланды. Мемлекеттік бағдарлама аясында Н. В. Гоголь облыстық әмбебап ғылыми кітапханасынан, Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» Ұлттық ғылыми-практикалық орталығынан, Қ. Т. Серікбаев атындағы Әдебиет және өнер институтынан, Қарағанды облыстық бейнелеу өнері мұражайы қорынан жайпақ баспа қаріпті құжаттар және электронды кітаптардың 299 данасы сый ретінде алынған.

Есепті кезеңдегі басым бағыт кітапхана қорын тифлология, дефектология, өлкетанулық сипаттағы құжаттармен толықтыру болды. Сондай-ақ, жоғары оқу орны студенттері үшін кітап қоры «Фолиант» баспасының «Кәсіптік білім беру» мен «Жоғары мектеп» сериясындағы көпсалалы оқу әдебиеттерімен (гуманитарлық, техникалық, мемлекеттік



және орыс тілдеріндегі оқулықтар, практикумдар, зертханалық жұмыстар) толықтырылды.

Өкінішке орай, соңғы жылдары кітапхана қорын жинақтау жұмысы қиындықтар туғызуда. Себебі, бюджеттен бөлінетін қаражат ағымдағы жинақтауды тиісті деңгейде ұйымдастыру үшін жеткіліксіз. Жалпы кітап қоры жыл соңында 80320 дананы құрады. 2019 жылмен салыстырғанда 579-ға көбейген.

*Қызылорда облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасының* құжаттар қоры мазмұны мен құрамына қарай алуан түрлі болып келеді. Қордың негізгі бөлігін арнайы әдебиеттер құрайды. Олар: кітаптар, Брайль қарпімен басылған нүктелі-бедерлі кітаптар, аудиокассетталардағы сөйлейтін кітаптар, дискілер, жайпақ баспа қаріпті әдебиеттер, т.б.

Кітап қорын электронды түрде сақтау жұмысы 2010 жылы қолға алынып, «ААЖ-ҚР АҚ» бойынша кітап қорын компьютерге енгізіп электронды каталог жүргізіліп келген.

Кітап қорын толықтыру мақсатында жыл көлемінде 575253 теңге қаражат бөлінген және кітапхана қорына 280 дана кітап алынған, оның ішінде қазақ тілінде - 240, жайпақ баспа қаріпті әдебиеттер - 232, нүктелі-бедерлі қаріпті әдебиеттер - 48. Жалпы кітап қоры жыл соңында 29021 дананы құрады. Өткен жылмен салыстырғанда 335 данаға артқан.

*Л. Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы зағип және нашар көретін азаматтарға арналған бөлімінің* негізгі міндеттерінің бірі қорларды түрлі ақпарат тасығыштардағы құжаттармен сапалы толықтыру және мүмкіндігінше арнайы қалыптағы құжаттарды табу және оларды сатып алу болып табылады.

Кітапхана қоры келесідей әдебиет түрлерінен: нүктелі-бедерлі қаріпті, жайпақ баспа қаріпті, дыбыстандырылған кітаптардан және мерзімді басылымдардан (газеттер мен журналдардан) құралған.

2021 жылдың 01 қаңтары қарсаңында жалпы қор 22492 дананы құраса, оның 6329 данасы нүктелі-бедерлі-қаріпте шығарылған кітаптар, 5360 данасы дыбыстандырылған кітаптар, 8037 данасы жайпақ баспа қаріпті әдебиеттер, 1739 данасы электронды басылым, 27 данасы бедерлі-графикалық құралдар болған. 2020 жылы кітапханаға 896 дана әдебиет келіп түскен. Жалпы 2019 жылмен салыстырғанда кітап қоры 1428-ге кеміген.

*Көкшетау қалалық зағип және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасында жаңа әдебиеттерді қабылдау, өңдеу жұмыстары жүргізілген. Басылымдар арнаулы картотекада есепке алынған. Тозығы жеткен және мазмұны ескірген кітаптарға акт жазылып, есептен шығарылып отырылған. Кітапхана қоры 2020 жылы 632 дана кітапқа толығып, жалпы кітап қоры жыл соңында 26595-ті құрады. 2019 жылмен салыстырғанда 384-ке артқан.*

*Қ. Сыдиықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған филиалының кітап қоры мемлекеттік тапсырыс және жергілікті бюджет есебінен толықтырылады. 2020 жылы жергілікті бюджеттен қаржы бөлінбеуіне байланысты Брайль кітаптарымен қатар дыбыстандырылған электронды форматтағы әдебиеттер де кітап қорына келіп түспеген. Жыл көлемінде электронды видеокұжат түрінде 5 дана диск кітапхана қорына сыйға тартылған. Мемлекеттік тапсырыспен 216 дана (183 қазақ тілінде) баспа басылымдары келіп түссе, 60 дана (43 қазақ тілінде) әдебиеттер сыйға тартылған. Яғни, 2020 жылы 440411,77 теңгені құрайтын, жалпы саны 276 дана баспа басылымы қорға келіп түсті. Жалпы кітапхана қоры жыл соңында 12042 дананы құрады. 2019 жылмен салыстырғанда 57 данаға артқан.*

*Павлодар облыстық көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы кітап*

қоры жергілікті бюджеттен түскен қаржы бойынша және сыйға түскен басылымдармен толыққан. Жергілікті бюджеттен 129 дана (мөлшері 1000,0), оның ішінде мемлекеттік тілде 26 дана (мөлшері 155,0) түскен. 2020 жылдың I жартыжылдығында кітап қорынан кітаптар есептен шығарылмаған.

Жалпы кітапхана қоры жыл соңында 71445 дананы құрады. 2019 жылмен салыстырғанда 8221-ге кеміген.

*Петропавл қаласының зағиптар мен нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасының* кітап қоры мемлекеттік тапсырыс бойынша және сыйға тартқан басылымдармен толыққан. Кітап қоры әдебиеттердің 4 түрінен тұрады: нүктелі-бедерлі қаріпте 14179 дана, дыбыстандырылған 14495 дана, жайпақ баспа қаріпте 11345 дана, 1146 дана СД дискілерді құраған. Есепті жылы кітапхана қорында электронды құжаттар мен журналдар саны артқан, ал газеттер саны аздап кеміген. Тілдік құрамы бойынша мемлекеттік және басқа тілдегі әдебиеттер көбейген және пайыздық өлшеммен тұрақты болып табылады.

2020 жылы қалалық бюджеттен кітап қорын толықтыруға 370304,75 теңге қаржы бөлінген. Мемлекеттік тапсырыс бойынша 429601 теңгеге 226 дана, оқырмандар сыйға тартуымен 21753 теңгеге 97 дана құжаттар алынған. Кітап дүкендерінен 209 құжат келіп түскен. Жалпы кітап қоры жыл соңында 41105 дананы құрады. 2019 жылмен салыстырғанда 273-ке артып отыр.

*«Семей қаласының зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы» КММ* кітап қоры 4 түрлі әдебиеттен құралған. Олар: нүктелі-бедерлі қаріпті әдебиеттер, дыбыстандырылған әдебиеттер, жайпақ баспа қаріпті әдебиеттер және СД дискілер. Есепті жылы кітапхана қорына 798 жаңа әдебиеттер түскен, оның 208-і қазақ тілінде. Жаңа әдебиеттер өңделіп, инвентарлық кітапқа тіркеліп, оқырмандарға пайдалануға берілген.

Жалпы кітапхана қоры жыл соңында 46719 дананы құрады. Өткен жылмен салыстырғанда 701-ге артқан.

*Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасының* 2020 жылдағы әдебиеттерді жинақтау көздері Санкт-Петербургтегі «Чтение», Москвадағы МИПО «Репро» баспасы және арнайы кітапхана жанындағы ақпаратты-баспахана бөлімі мен сөйлейтін кітаптар бөлімі, ИП «Жаналиева Ж. А», Алматы қаласындағы «НУР» Ассоциациясы, «API&Companу» ЖШС, «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханасы» РММ-нің дыбыс жазу студиясы болды. Ал жайпақ баспа қаріптегі әдебиеттерді қалалық «Төле би», ИП «Дутбаева», ИП «Жаналиева Ж. А», кітап дүкендері мен Астанадағы «Фолиант» баспасы, «Отырар» Шымкент қалалық ғылыми-эмбебап кітапханасы орталықтандырылған қаржыдан бөлінген, мемлекеттік тапсырыс бойынша республикалық баспалардан тегін таратылған, оқырмандар сыйға тартқан және жоғалтқан кітаптардың орнына әкелінген құжаттармен, одан бөлек жергілікті жазушылардың, ақындардың кітаптары жеке келісім-шарт жасау арқылы сатып алынып, толықтырылады. Жоспар бойынша бюджет есебінен бөлінген қаржының барлығы толығымен жұмсалынған. «Төле би», ИП «Дутбаева», ТОО «API&Companу» кітап дүкендерінен сазды, дыбыстандырылған CD-ROM оқулығы, тіл үйренуге арналған әдістемеліктер мен сөздіктер, көркем әдебиеттер сатып алынған. Республикалық, орталықтандырылған қаржыдан алынған Отырар кітапханасынан бөлінген әдебиеттер саны 1045 дана.

Кітап қорын тіркеу жұмыстары жүргізіліп отырылған. Өңірлік кітапханалармен бірегей электронды кітапханаға ену мақсатында «КАБИС» бағдарламасымен қамтамасыз етіліп, жаңа келіп түскен әдебиеттер енгізіліп, қорға инвентаризация жүргізілген. Түгендеу кітабына тіркелген

кітап топтамасы жинақталып, кітапхана қорына келіп түскен әр әдебиет түрлеріне, сөйлейтін кітап, CD-ROM, т.б. жеке-жеке тіркеу және жинақ кітабына тіркелінген. Жалпы кітапхана қоры жыл соңында 138900 дананы құрады. Бұл дегеніміз 2019 жылмен салыстырғанда 3174 данаға артқанын көрсетеді.

*«Зағип және наиар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханасы» РММ* кітап қорына «Сөйлейтін» және Брайль қаріпті кітаптарды шығару бөлімінен және Санкт-Петербург қаласындағы жеке меншік мекеменің СПб. «Чтение» ВОС баспасынан нүктелі-бедерлі қаріптегі басылымдар келіп түсіп отырды. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитетінің «Мәдениет және өнер саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, Қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерттеу және танымал ету және мұрағат ісін жүзеге асырудың тиімділігін арттыру» бағдарламасы, «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша республикалық баспалардың кітап өнімдері жайпақ баспа қаріптегі әдебиеттерді алудың негізгі көздері болды. Ұйымдар мен оқырмандардан кітапханаға сыйлық ретінде құжаттар келіп түсті. Сыйға тартылған нүктелі-бедерлі қаріпті кітаптар саны – 9, ал электронды тасымалдағыштағы құжаттар – 15, жайпақ баспа қаріпті кітаптар – 51.

Кітапхана есеп беру уақыты аралығында (газеттен басқа) 457 атаумен 1512 дана басылым тіркелді. Оның ішінде қазақ тілінде 308 атаумен 685 дана (18 атаумен 440 дана жайпақ баспа қаріпіндегі журналдар, 4 атауда 38 дана нүктелі-бедерлі қаріптегі журналдар) тіркелген.

2020 жылы бөлім қызметкерлері техникалық өңдеу жүргізіп, кітап қорын сақтау және абонемент бөлімдеріне 1034 құжат тапсырып, 519 карточка көшірмесін дайындаған және 435 құжатты салаларға жіктеп, сипаттама жасаған. Күнделікті келіп түсетін мерзімді басылымдарды қабылдап, тіркеу және


кітапхана бөлімдеріне тапсыру жұмыстары жүргізіліп отырылған.

Жалпы кітапхана қоры жыл соңында 250731 дананы құрады. 2019 жылмен салыстырғанда 1512-ге артқан.

*Ескерту: 2020 жылы кітапханалардың кейбір сандық көрсеткіштері пандемия кезеңіндегі кітапханалық қызметті қашықтықтан көрсетуге байланысты төмендеген.*


## 2020 жылғы арнаулы кітапханалардың кітап қоры

Ақтөбе облыстық	Нұр-Сұлтан қалалық	Атырау ОҒӘК арнаулы бөлімі	Алматы ОК арнаулы бөлімі	Шығыс Қазақстан облыстық
36510	19248	28611	30206	82953
Жамбыл облыстық	Батыс Қазақстан облыстық	Қарағанды облыстық	Қызылорда облыстық	Қостанай ОҒӘК арнаулы бөлімі
38073	44528	80320	29021	22492
Көкшетау қалалық	Маңғыстау ОӘК филиалы	Павлодар облыстық	Петропавл қалалық	Семей қалалық
26595	12042	71445	41105	46719
Шымкент қалалық	«ЗНКААРК» РММ			
138900	250731			



## 2020 жылғы арнаулы кітапханалардың оқырман саны


Ақтөбе облыстық	Нұр-Сұлтан қалалық	Атырау ОҒӘК арнаулы бөлімі	Алматы ОК арнаулы бөлімі	Шығыс Қазақстан облыстық
750	1010	670	830	1968
Жамбыл облыстық	Батыс Қазақстан облыстық	Қарағанды облыстық	Қызылорда облыстық	Қостанай ОҒӘК арнаулы бөлімі
1100	2200	1650	1949	669
Көкшетау қалалық	Маңғыстау ОӘК филиалы	Павлодар облыстық	Петропавл қалалық	Семей қалалық
1135	322	1487	967	941
Шымкент қалалық	«ЗНКААРК» РММ			
4439	2186			





## 2020 жылғы арнаулы кітапханалардың кітап берілімі

Ақтөбе облыстық	Нұр-Сұлтан қалалық	Атырау ОҒӘК арнаулы бөлімі	Алматы ОК арнаулы бөлімі	Шығыс Қазақстан облыстық
21000	25010	16906	23335	77820
Жамбыл облыстық	Батыс Қазақстан облыстық	Қарағанды облыстық	Қызылорда облыстық	Қостанай ОҒӘК арнаулы бөлімі
18272	31534	44210	22224	19960
Көкшетау қалалық	Маңғыстау ОӘК филиалы	Павлодар облыстық	Петропавл қалалық	Семей қалалық
26917	1258	111823	32605	28119
Шымкент қалалық	«ЗНКААРК» РММ			
99087	70017			



**ҚР арнаулы кітапханаларының облыстар бойынша  
кітап қорының өсуі (% есебімен)**

<b>№</b>	<b>Арнаулы кітапханалар</b>	<b>2019 ж.</b>	<b>2020 ж.</b>	<b>Өсімі (+/-) рост</b>
1	Ақтөбе облыстық	0,9 %	0,9 %	0
2	Нұр-Сұлтан қалалық	3,6 %	1 %	-2,6 %
3	Атырау ОҒӘК арнаулы бөлімі	2,1 %	0,5 %	-1,6 %
4	Алматы ОК арнаулы бөлімі	0,02 %	0,3 %	-0,28 %
5	Шығыс Қазақстан облыстық	3,1 %	3,2 %	+0,1 %
6	Жамбыл облыстық	3,1 %	4,5 %	+1,4 %
7	Батыс Қазақстан облыстық	2,5 %	2,8 %	+ 0,3 %
8	Қарағанды облыстық	1,7 %	1,4 %	-0,3 %
9	Қызылорда облыстық	1,7 %	1,2 %	0,5 %
10	Қостанай ОӘФК арнаулы бөлімі	4,7 %	4 %	-0,7 %
11	Көкшетау қалалық	5,6 %	2,4 %	-3,2 %
12	Маңғыстау ОӘК филиалы	6,9 %	8,8 %	+1,9 %
13	Павлодар облыстық	2,3 %	0,7 %	-1,6 %
14	Петропавл қалалық	2,9 %	1,9 %	1 %
15	Семей қалалық	2,8 %	1,7 %	-1,1 %
16	Шымкент қалалық	2,2 %	2,3 %	+0,1 %
17	«ЗНКААРК» РММ	0,6 %	0,6 %	0
	<b>Орта есеппен</b>	<b>2 %</b>	<b>1,7 %</b>	<b>-0,3 %</b>

## Кітап қорының сақталымы

Арнаулы кітапхана жұмысындағы басты бағыттардың бірі кітап қорын сақтау шараларын іске асыру болып табылады. Әсіресе, басты назарға зағип жандарға оқуға арналған нүктелі-бедерлі қаріптегі басылымдарды аламыз.

Республика көлеміндегі арнайы кітапханалардың барлығында санитарлық-профилактикалық шаралар үнемі жүргізілген. Сол сияқты, оқырмандарға алғаш рет кітапханаға жазылғанда кітап қорын пайдалану тәртібі мен оқырман құқығы ережелерін, құжатты жоғалтқан немесе бүлдірген жағдайда қандай жауапкершіліктері бар екені туралы түсіндіріліп, дыбыстандырылған әдебиеттерді пайдалану туралы нұсқаулар берілген. Оқырмандар тіркелген немесе қайта тіркелген кезде құжаттарды дер кезінде қайтаратыны, дыбыстандырылған кітаптарды және аудио-кассеталарды бүлдірген жағдайда құнын төлейтіні жөнінде арыз жазу керектігі жайында ақпараттармен таныстырылған.

Қорды пайдалануды бақылау, қарыз оқырмандармен жұмыс түрлерін кеңейту шаралары тұрақты түрде іске асырылған.

Қазіргі таңда республикалық, облыстық, қалалық арнаулы кітапханалар «Автоматтандырылған ақпараттық жүйе – Қазақстан Республикасының арнаулы кітапханасы» (ААЖ–АК ҚР) және КАБИС бағдарламалары бойынша жұмыс істеуде. Бұл бағдарламалардың мақсаты: аталған бағдарламаларды кітапхана ісінде жандандырып, зағип жандарға арналған кітапханалар жұмысын толық автоматтандыру, электронды каталогтарды ұйымдастыру, республика бойынша арнаулы кітапханалар жүйесін құру арқылы бірлескен каталогтарды ұйымдастыру, Халықаралық деңгейде деректер қорынан мағлұмат алмасуға қол жеткізу. «ААЖ-АК ҚР», КАБИС бағдарламалары бойынша кітапханаға келіп түскен әдебиеттерді енгізу, әдебиеттерге кітапханалық өңдеу жұмыстарын жүргізу. Сонымен қатар,

«Кітап қорын толықтыру», «Мерзімді басылымға жазылу», «Есепке алу кітабы», «Каталог» мәліметтер базасын құру жұмыстары жүргізілуде.

Арнаулы кітапханаларға келіп түскен кітаптар мен мерзімді басылымдар уақытында өңделіп, электронды каталогқа енгізілген.

Республикадағы арнаулы кітапханалардың қор сақталымын қамтамасыз ету шаралары кітапханалардың материалдық-техникалық базасының жағдайына байланысты болып табылады.

### **Мерзімді басылымдарға жазылу**

Елбасы Н. Ә. Назарбаев өз сөзінде: «Бұқаралық ақпарат құралдарының күші - әскери қарулы күштердің күшінен кем емес» деп атап өткеніндей, баспасөз халыққа сөз арнаудың, ой-санаға әсер етудің күшті құралы. Қоғамда баспасөздің ықпалы зор. Күнделікті мерзімді басылымдар түрлі тақырыпта ой-пікір қозғайды. Ал олардың тиражы миллиондаған оқырманға жетеді. Оқырман жедел және өзекті ақпараттарды газет пен журнал беттерінен табады. Сондықтан мерзімді баспасөз басылымдарына жазылуды ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінеді.

Арнаулы кітапханалардың мерзімді басылымдарға жазылуы жылдан-жылға жақсарып келеді. Сондықтан, зағип оқырмандардың талап-тілектерін орындау мақсатында, арнаулы кітапханалардың мерзімді басылымдарға жазылуы республикадағы облыс, қала көлемінде әртүрлі деңгейде жүргізіледі. Мерзімді басылымдарға жазылу жергілікті бюджет пен демеушілер көмегі арқылы жүзеге асырылады.

*Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы* ағымдағы жылы 207932 теңгеге 43 дана мерзімді басылымдарға жазылған. Оның ішінде, газеттер саны – 29: мемлекеттік тілде – 23, орыс тілінде -6, журналдар саны – 14 (барлығы қазақ тілінде).

*Ғ. Сланов атындағы Атырау облыстық ғылыми әмбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы бөлімінің қоры жыл сайын зағип жандарға арналған мерзімді басылымдарға жазылып отырады. Атап айтсақ, Ресейлік баспалардан «Школьный вестник», «Литературные чтения», ҚСҚ-ның Орталық басқармасы шығаратын «Алты нүкте», «ЗНКААРК» РММ арнаулы мерзімді басылымдары «Менің жолым – Мой путь» «сөйлейтін» газеті, «РБНСГ-Вести» журналдарына жазылады. Бөлім қызметкерлері арнаулы журналдарға шолу жасап, оқырмандар назарына ұсынып отырады. 2020 жылы 33 дана, оның ішінде 21 данасы қазақ тіліндегі басылым, яғни 18 дана газет пен 15 дана журналға жазылған.*

*С. Сейфуллин атындағы Алматы облыстық кітапханасы зағип және нашар көретін азаматтарға арналған бөлімі оқырмандарға газет-журналдардың 146 данасы қолжетімді.*

*«Шығыс Қазақстан облыстық зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы» КММ-де баспасөз басылымдарына жазылу ШҚО «Қазпошта» АҚ филиалы, «КАЗАХPRESS» ЖШС-мен шарт жасау арқылы жүзеге асқан. 2020 жылдың II жартыжылдығында 995 000 теңгеге 100 атау газет-журналдарға жазылу жүргізілген. Оның ішінде: республикалық – 31, мемлекеттік тілде – 19-ды құрайды.*

*Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасына 2020 жылы 101 атау, 120 жиынтық – бағасы 704,5-ті құрайтын мерзімді басылымдарға жазылған*

*Батыс Қазақстан облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасының кітап қоры 2020 жылы «ЗНКААРК» РММ арнаулы мерзімді басылымдары («Менің жолым» – «Мой путь») «сөйлейтін» газеті, «РБНСГ-Вести» газеті) мен ҚСҚ-ның Орталық басқармасы шығаратын «Алты нүкте» журналымен толыққан. Жыл ішінде мерзімді басылымдарға жазылуға 844,4 мың теңге*

қаржы жұмсалған. Мерзімді басылымдардың жалпы саны 53 атау, яғни, 17 атау газет пен 36 атау журнал алынған.

*Қарағанды облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы* 2020 жылы «Қазпошта» АҚ арқылы 1746278,44 теңге көлемінде мерзімді басылымдарға жазылған. Есепті жыл көлемінде 138 аталымда 68 дана мерзімді басылым түсіп, оның ішінде мемлекеттік тілде 66 аталымда 68 дана (жаратылыстану, саяси-қоғамдық ғылымдар мен техника бойынша журналдар) түскен.

*Қызылорда облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасы* ағымдағы жылы 176227,8 теңге қаражатқа 30 газетке, 25 журналға жазылған.

*Л. Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы зағип және нашар көретін азаматтарға арналған бөлімі* 2020 жылы мерзімді басылымдарды сатып алу үшін 944858,00 теңге бюджеттік қаражат жұмсаған, бұл өткен жылмен салыстырғанда 1,8 % артық екенін көрсетті. Мерзімді басылымдарды сатып алуға жасалған талдаудың нәтижесіне сәйкес республикалық және нүктелі-бедерлі қаріпті басылымдармен толықтыруға бөлінген қаражат көлемі артқан.

*Көкшетау қалалық зағип және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасында* мерзімді басылымдар уақытылы тізілген. 2020 жылы қорға 41 атаулы газет-журналдар алынған, оның ішінде 21-і қазақ тілінде.

*Қ. Сыдықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған филиалы* 2020 жылы ҚСҚ Орталық басқармасының Брайль қарпіндегі «Алты нүкте» журналымен толыққан. «Алты нүкте» басылымы кітапхана оқырмандары арасында үлкен сұранысқа ие болған. Сондай-ақ, есепті жылы кітапхана қорына нүктелі-бедерлі қаріптегі «Наша жизнь» журналы алынып, аталмыш журнал да ақпаратқа жаны құмар жандар арасында қолданысқа ие болды.

2020 жылдан бастап кітапхана оқырмандары үшін нүктелі-бедерлі қаріпте (қазақ және орыс тілдерінде)

тоқсанына 1 рет «Сәуле-Луч» журналын шығаруды қолға алған. Журнал 5 айдардан тұрады. Олар: «Жаңалықтар», «Бірге оқимыз», «Денсаулық», «Қызықты деректер» және «Артық болмас білгенің» деп аталады. Бұл журнал да оқырман қауым арасында жоғары бағаға ие болған.

*Павлодар облыстық көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы* есепті жылы мерзімді басылымдарға жазылу жүргізілген. 2020 жылдың II жартыжылдығында барлығы 36 атау, оның ішінде мемлекеттік тілде 23 дананы құраған. Жалпы сомасы 229523 теңге. 25 атау журнал, оның ішінде мемлекеттік тілде 17, 11 атау газет, оның ішінде мемлекеттік тілде 6-ны құраған.

*Петропавл қаласының зағиптар мен нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы* есепті жылы кітапхана қорында электронды құжаттар мен журналдар саны артқан, ал газеттер саны аздап кеміген. Мерзімді басылымдар саны – 27, оның ішінде, республикалық - 13, қазақ тілінде - 7, ресейлік мерзімді басылымдар – 14.

*«Семей қаласының зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы» КММ-де* 2020 жылғы мерзімді басылымдар саны 34 атау, оның ішінде 20 атау журнал, 14 атау газет (5 газет тегін берілген). 2020 жылы I жартыжылдыққа мерзімді басылымдарға жазылу сомасы 74555,16 теңгені құраған. Ал II жартыжылдыққа жазылу сомасы 74927,4 теңге.

*Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасында* мерзімді басылымдарға 1 млн. теңге жұмсалған. Ресейден, республикалық және жергілікті баспалардан екі тілде (орыс, қазақ тілдерінде) «Қазпошта» бөлімдері арқылы алынды. Ресей басылымдары 105 атаулы / 185 дана газет-журналдар, ал одан басқалары 354 атаулы / 518 дана республикалық, жергілікті басылымдары алынды. Соның ішінде қазақ тіліндегі басылымдар, газет-журнал болып, 287 атаулы / 522 дана құрайды. Жыл бойы негізінен, қазақ тіліндегі әдебиеттер мен

мерзімді басылымдарды жинақтауға аса көңіл аударылған. Сөйлейтін кітаптар шығару бөлімінен дыбыстандырылған кітаптардың көп бөлігі қазақ тілінде болды, себебі Ресейден алынған сөйлейтін кітаптар орыс тілінде келеді. Осы бөлімнен шығатын «Балдәурен» жасөспірімдерге арналған, «Керемет» жалпы оқырмандарға арналған журналдар тоқсанына бір рет, жыл бойына төрт данадан сегіз данасы қабылданған. Ал, нүктелі-бедерлі қаріпті кітап, журналдарды Брайль кітаптарын шығару бөлімінен шығарды. Мерзімді басылымдар: «Удивительное рядом», «Ғажайып әлем» мәдени ескерткіштер, құпиялы құбылыстар, психология, денсаулық туралы түрлі тақырыптарды қамтиды. «Бәрін білгім келеді» балаларға арналған энциклопедиясы екі тілде, әлемдегі қызықты оқиғалар мен өзекті мәселелерді кішкентай оқырмандарға таныстыру мақсатында жарық көре бастады.

*«Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханасы» РММ.* Кітапхана күнделікті келіп түсетін мерзімді басылымдарды қабылдап, тіркеу және кітапхана бөлімдеріне тапсыру жұмыстарын тұрақты жасап отырған. Келіп түсуіне қарай жайпақ баспа қаріпті журналдар – 440, 18 атау, 188 журнал – 23 атау. нүктелі-бедерлі қаріпті журналдар – 38, атау – 4, газет атаулары – 40, қазақ тілінде 15 атау.



## Арнаулы кітапханалардағы оқырмандарға арналған іс-шаралар және оларды ұйымдастыру

Арнаулы кітапханалар - мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қоғамдық және саяси жаңалықтардан тыс қалдырмай, бос уақыттарын тиімді пайдалануларына мүмкіндік туғызатын зағип және нашар көретін азаматтар үшін қарым-қатынас жасаудың мәдени әрі рухани орталығының бірі болып табылады. Арнаулы кітапханалар қызметі мен кітап қорын мүмкіндігі шектеулі азаматтарға, олардың отбасыларына, зағип және нашар көретін балалар мектеп-интернатының оқушыларына, студенттерге, жалпы, мүмкіндігі шектеулі азаматтар кәсіпорындары мен қоғамдық мекемелерінің барлық жұмысшыларына тегін пайдалануына ұсынады.

Арнаулы кітапханалардағы оқырмандарға арналған көпшілік, қоғамдық іс-шаралар:

*Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы* жыл бойы «Рухани жаңғыру болашаққа бағдар» атты кітап көрмесі оқырмандар назарына ұсынылып, «Латын әліпбиі – халықаралық әліпбиі» деген тақырыпта пресс-досье жасақталған. Кітапхананың ерекше оқырмандары өңірдегі Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану мұражайына саяхат жасаған. Заманауи тифлоқұралдарды пайдалану – жаңашылдыққа бейімделу» семинар-кеңесі өткізілген. Семинарда әлеуметтік қызметтер порталын енгізу, жеке көмекші мен «Инватакси» қызметтерін ұсыну, сонымен қатар тифлотехникалық кешен құралдарын пайдалану мәселелері талқыланған. 13 қараша халықаралық зағиптар күніне орай «Что? Где? Когда?» интеллектуалды ойыны, кітапхананың тұрақты оқырманы Ахмет Тоқсанғалиұлының мерейлі 70 жасына орай «Книга мой лучший собеседник» атты оқырман бенефисі ұйымдастырылған. «Абай және біз» жобасы барысында «Абай әлемі» әдеби-сазды кеші өтіп, «Өлмейтұғын артына сөз

қалдырған» бейнеролигі көрсетілген. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында өлкетану бағытында іс-шаралар жүргізілген. «Салауатты өмір салты - сіздің денсаулығыңыздың кепілі» атты Ашық есік күні болып, «Арасан Ақтөбе» ЖСШ-нің дәрігерлері көз мүгедектері мен олардың отбасы мүшелерін толық медициналық тексеруден өткізген. Қазақ соқырлар қоғамының оқу-өдірістік цехындағы жұмысшыларға «Зияткерлік меншік саласындағы саясат» атты дауыстап оқу жүргізілді. «Бір ел - бір кітап» республикалық акциясы асында «Оқитын өлке» облыстық акциясы жүргізілген. Барлық кітапханалар секілді мемлекеттік мерекелер мен атаулы күндер бойынша іс-шаралар тұрақты әрі уақытылы ұйымдастырылып отырылған. Жалпы іс-шаралар саны – 50, оның ішінде онлайн өткізілген шаралар - 26, офлайн өткізілген шаралар – 24.

*Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ОКЖ КММ көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы* Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай «Ұлы ғұламалар» атты кітап көрмесін, Әбу Насыр Әл-Фарабидың 1150 жылдығына арналған кітап көрмесін, «Дегустация-литературных новинок», «Журнал раскрывает мир», т.б. кітап көрмелерін ұйымдастырған. Медициналық орталықта арнайы кітапхана кітапханашылары «Читайте и выздоравливайте» атты акцияны жүргізген. 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күніне орай «Славные девушки» и «Озорные мальчики» сайысы болып өткен. «Бір ел - бір кітап» акциясы аясында кітапханада ақпараттық сағат өтіп, М.Әуезовтың «Абай жолы» романы талқыланды. Оқырмандар үшін «Угадай поэта» атты онлайн викторина ұйымдастырылып, жеңімпаздар сыйлықтармен марапатталған. Ақын Ақберен Елгезектің «Поэзиямен жаны дос» атты онлайн сыр-сұхбаты болып өткен. Атаулы күндер мен ақын-жазушыларымыздың мерейтойлары дәстүрлі түрде тұрақты аталып өткізілген. Есепті жылы 55 іс-шара ұйымдастырылған.

*Ғ. Сланов атындағы Атырау облыстық ғылыми амбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы бөлімі 2020 жылы тифлология бағыты, мүмкіндігі шектеулі жандарды оңалту бағдарламасы аясында көптеген іс-шаралар жүргізді. Олардың ішінде орыс жазушысы, тифлопедагог В.Я.Ерешенконың және Б.И.Коваленконың туғанына 130 жыл толуына орай олардың өмірі мен еңбектері туралы дауыстап оқу сағаты, тифлопедагог Л.Б.Самбкиннің туғанына 115 жыл толуына орай бейнедерек бар. Бұл шаралардың мақсаты кітапхана оқырмандарына осындай көзінің зағиптығына қарамастан жігерлі, білімді жандардың өмірін таныстырып, зағип жастарға үлгі ету. Кітапханада «Kitap.all» онлайн платформасы арқылы дыбыстандырылған кітаптарды пайдалану жолы дыбыстандырылған ақпарат түрінде баяндалған. Бұл арқылы оқырмандар үйде отырып-ақ қашықтықтан ұнаған әдебиеттерін тыңдауға мүмкіндік алған. Кітапхана өнерпаздары түрлі мерекелерге орай әлеуметтік желілерде өздерінің жеке ән кештерін де өткізген. Жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында «Кітапхана – білім мен ғылым ордасы» кітап көрмесі жасақталған. Барлық ұйымдастырылған көрмелерге зағип және нашар көретін азаматтар үшін түрлі арнайы әдебиеттер, нүктелі-бедерлі және дыбыстандырылған кітаптар, арнайы құралдар қойылған. Әлеуметтік желі оқырмандарына зағиптар күніне орай арнаулы бөлімнің зағип жандарға арналған тифлотехника мен құралдардың онлайн көрсетілімі болды.*

Республикалық және облыс көлеміндегі өткізілген іс-шаралардан Республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің 100 жыл толуына орай газет тарихы туралы деректер зағиптар клубында дауыстап оқылды. Көптеген ақын-жазушыларымыздың мерейтойлары аталып өтілді. «Туған жерге тағзым» жобасы бойынша жұмыстар атқарылған (ақын Ф. Оңғарсынованың шығармаларын насихаттау, дауыстап оқу сағаттары, әнші-сазгер Т. Досымовтың 55 жылдығын атап өту,

М. Өтемісұлы туралы ақпарат, т.б.). «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында «Абай жаққан бір сәуле», «Ұлылардың ұлысы – Абай» атты әдеби-сазды кеші, «Абайды бірге оқиық» интернет челленджі, т.б. ұйымдастырылған. Жалпы жыл көлемінде барлығы 87 іс-шара өткізілген.

С. Сейфуллин атындағы Алматы облыстық кітапханасы зағип және нашар көретін азаматтарға арналған бөлімі ағымдағы жылы бөлім бойынша жүзеге асыратын табысты жобаларды өткізген. Әлеуметтік байланыстарды орнату, брайльша оқуды және жазуды үйрету, грифель қарпімен жазу, сөйлейтін нетбукті үйрету және зағип жандармен сыр шерту бойынша «Жылуыңды сыйла», «Жанарым жүрегімде» атты жоба, мәдениет және қоғам қайраткерлерімен зағип оқырмандарды таныстыру бойынша «Жүз жаңа есім» жобасы ұйымдастырылған. «Білім берудің жаңа сапасы» компьютерлік сауаттылыққа үйрету сабағы, «Бір ел – бір кітап» акциясы бойынша кітап көрмесі оқырмандардың қызығушылық клубтары аясында өткізілген. Президентіміздің 2021 жылға арналған жолдауы бойынша іс-шаралар, қоғамдық-саяси, ғылыми-жаратылыстану, техника-ауылшаруашылық, т.б әдебиеттерін насихаттау бойынша іс-шаралар өткізілген. Сонымен қатар, «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына – 30 кітап» жұмыс жоспары жасалған. Кітапхана жастарымен жұмыс жүргізуде «Жастар біздің болашағымыз», «Ақылды қалалар - ақылды ұлт» жастар сайысы мен сұхбаттар, тифлологиялық әдебиеттерді насихаттау шаралары болып өткен. Кітапханада барлығы 82 көпшілік іс-шара ұйымдастырылған.

«Шығыс Қазақстан облыстық зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы» КММ-нің көпшілік шаралары зағиптар мен көзі нашар көретін оқырмандардың шығармашылық дамуы мен демалуына әсер етеді. Кітапханада «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мемлекеттік бағдарламасы бойынша белсенді жұмыстар жүргізілген. Жыл көлемінде кітапханада жоғары

адамгершілік, психологиялық, этикалық қасиеттерді қалыптастыру арқылы отаншылдыққа, азаматылыққа тәрбиелеу шаралары топтамасы өткізілді. «Қазақстанның сакральды географиясы» жобасы аясында «Брайлист» клубының кезекті отырыстары өткізіліп тұрған. «Ұлы даланың ұлы есімдері» жобасы Абай Құнанбаевтың 175 жылдығын тойлау шарасымен бастау алған. Осы күні кітапхана залында ұлттық нақышта безендірілген «Абай» информстудиясы ашылған. Кітаптардан жасалған инсталляция студияны толықтырып, көрік беріп тұрады екен. Осы шара аясында кітапхананың тифлоқұрылымы арқылы М. Әуезовтың «Абай жолы» романы нүктелі-бедерлі қаріпте жарық көрген. «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» жобасы аясында «Қазақы сарын: 1000 күйім мен 1000 әнім» атты әуенді интеграция кеші де өткен. Қазақстандық мерекелерге арналған шаралар тұрақты өткізіліп тұрады және президентіміздің жыл сайынғы жолдаулары да оқырмандармен бірлесе талқыланады.

Пандемия кезеңінде кітапхана барлық қазақ еліне денсаулық тілеп, «Сауығып кет, Қазақстан» флешмобын ұйымдастырған. Шымкент қаласының арнаулы кітапханасынан келген денсаулық эстафетасын қабылдап, әуенді сүйемелдеумен жаттығулар жасап, эстафетаны Павлодар арнаулы кітапханасына жолдаған. Қысқы пейзаж фонындағы кітапхана залдарының виртуалды онлайн саяхаты оқырмандарды жылулық пен жайлылық беретін жаңа қызықты кітаптармен таныстырған.

2020 жылы 712 шара өтіп, 13556 адам қатысқан. Оның ішінде 446 онлайн шара өтіп, 10694 адам қатысқан.

*Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасы* жастарды патриоттық тәрбиеге баулып, Отанын, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпын кеңінен насихаттайтын Тұңғыш Президент Н. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар», «Ұлы даланың жеті қыры» мақалаларын басшылыққа алып, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауларын кітапхана

оқырмандары арасында тарату мақсатында жұмыстарды жалғастырып келеді. 16 желтоқсан - Тәуелсіздік күні, 1 желтоқсан - Тұңғыш Президенті күні, 1 наурыз - Алғыс айту күні, 1 мамыр – Қазақстан халқы бірлігі күні, 30 тамыз - Конституция күні, 4 қаңтар - Л. Брайльдің туған күні, 21 маусым – Халықаралық медицина қызметкерлері күні, т.б. секілді барлық еліміздегі атаулы күндерді атап өту мақсатында мерекелік, әдеби-сазды кештер тұрақты өткізіліп отырған. 2020 жылға арналған арнайы кітапхананың «Оқырман караокесі» бағдарламасы (зағип оқырмандар арасында музыкалық караоке) аясында зағип және нашар көретін азаматтарды қоғамдық ортаға бейімдеп, еліміздің музыка саласында еңбегі сіңген қайраткерлерді ұлықтап, әндерін насихаттау мақсатында Ш. Қалдаяқовтың әндер жинағынан «Шәмші әндер кешін» өткізген. Кітапхананың кітап қорына келіп түскен жаңа әдебиеттермен таныстырып, оқырмандарға «Харекет», Орхан Памук кітаптарының қысқаша мазмұнын түсіндіріп «Танысыңыз жаңа кітаптар» шарасын өткізген. Сондай-ақ, арнайы кітапхананың тұрақты жас оқырмандарының «Армысың күн шуақты жаз» атты ашық аспан астында жаз мезгілінің жайма шуақты, шырайлы күндерінен сыр шертетін ақындардың өлеңдерін оқып, оқырмандарға көтеріңкі көңіл күй сыйлау мақсатында әлеуметтік желілерде назарға ұсынылды.

Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл толуына орай «Ұлылардың ұлысы - Абай» атты 3 бөлімнен тұратын кітап көрмесі ұйымдастырылған. «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы Брайль жүйесі бойынша нүктелі-бедерлі қаріпте басылып шығарылған. Жоспар бойынша Б. Майлиннің «Елім деп жырлаған үш бәйтерек» шығармасы нүктелі-бедерлі қаріпте 12 дана болып шығарылған.

Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасы елімізде болып жатқан пандемияға байланысты, бос уақытты тиімді пайдалану, кітаптарды насихаттау барысында «Қазір қандай кітап оқып жатырсыз?»

атты челленджге қатысып, облыс кітапханаларына жолдаған болатын Жыл көлемінде кітапхана 63 негізгі іс-шараларды өткізген.

*Батыс Қазақстан облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасы* оқырмандарды кітапханаға тарту мақсатында және олардың қызығушылықтарын, бос уақыттарын тиімді өткізу мақсатында «Муза» поэзиялық клубы, «Жалынды жастар» жастар клубы, «Сырласу» қыз-келіншектер клубы, «Денсаулық» клубы, «Нұршуақ» отбасылық клубы, «Ақжайық» зияткерлік клубы, «Қадыр әлемі» үйірмесі, «Брайлист» үйірмесі, «Қуыршақтар» үйірмесі жұмыс жасап келеді. Пандемияға байланысты кітапхана оқырмандарының ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін кітапхана сайтында және әлеуметтік желілерінде тифлодайджестер, виртуалды көрмелер, әдеби салон, әдеби және тарихи кештер, челленджер, акциялар, кітапхана қызметкерлері дайындаған мастер-класстар белсенді ұйымдастырылып отырылған. Кітап оқу мүмкіндігін туғызу мақсатында «Online-да кітап оқимыз!» тыңдау сағаттары, «Мерзімді басылым беттерінен» дауыстап оқулар ұсынылып, «Әлеуметтік желіде бірге болайық!» ұранымен кітапхана «Біз біргеміз» акциясына қатысқан. «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласын насихаттау мақсатында көптеген іс-шаралар жүргізілген. Олар: «Жұбан аға рухымен сырласу» дауыстап оқу сағаты, «Мен қазақтың» онлайн байқауы, «Ұлы даланың ұлы есімдері» бағытында «Ұлы дала елі - жасампаз тарих елі» атты дауыстап оқу сағаты, т.б. Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай 9 шара ұйымдастырылған, ұлы ғұлама Әл-Фараби туралы деректер, виртуалды кітап көрмесі «Түрік әлемінің рухани жұлдызы» атымен ұсынылып, нақыл сөздері оқылған. Оқырмандарға көркем әдебиеттерді насихаттауда І. Есенберлиннің туғанына 105 жыл толуына орай «Қазақ тарихының суреткері» дауыстап оқу сағаты, «Ақын туралы ой-толғамдар» атты ақын

О.Асқаровтың туғанына 85 жыл толуына орай бейнероликтер, т.б. ұсынылған.

2020 жылы барлығы 161 онлайн-мәдени көпшілік шара өткізілген. Ал оқырмандардың қатысуымен оффлайн форматта 8 шара болып өткен. Жыл ішінде 35 кітап көрмесі ұйымдастырылған, соның ішінде виртуалды көрме саны – 13, Елбасы Жолдауын насихаттауда – 2, атаулы және еске алатын күндерге байланысты- 14, Қазақстан ақын-жазушыларының әдебиеттерін насихаттау – 11, кітап оқуды ілгерілету бағытында - 4, салауаттық өмір салтын насихаттауда – 2, діни және экстремизм бағытында – 2.

*Қарағанды облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасының* Мәдениет министрлігі ҚР Ұлттық академиялық кітапханасымен бірге республика бойынша кітапханалар қолжетімділігінің интерактивті картасын құрып, кітапхана көрсететін онлайн қызметтерді ілгерілетуге ықпал еткен, республиканың интерактивті картасына енгізілген өз слайдерін дайындаған.

2020 жылы кітапханада елеулі өзгерістер орын алды. Қаңтар айынан 16 наурызға дейін оффлайн жұмыс белсенді түрде жүргізілді. Осы мерзімде пайдаланушылардың барлық санатын қамтитын қызығушылық клубтары ашылған. Зағип пайдаланушыларды абонементпен қамтамасыз ету секторында мүмкіндігі шектеулі жандардың танымдық, зияткерлік бос уақытын ұйымдастыру, әдеби және көркем шығармашылық арқылы олардың рухани қызығушылықтарын қанағаттандыру және дамыту, өзін-өзі жетілдіру мен шығармашылық қабілеттерін таныту мақсатында ашылған «Шабыт» оңалту клубы ұйымдастыратын танымдық, пайдалы іс-шаралар зағип пайдаланушылардың ақпараттық қажеттілігін өтеумен қатар оларды әлеуметтік оңалтуға бағытталды. Көптеген іс-шаралар ішінде режиссер Ю.Грымовтың «На ощупь» тифлотүсініктемелі шытырман оқиғалы фильмінің көрсетілімі зағиптардың зор ықыласына бөленген болатын.



Тифлоорталықта жұмыс істейтін «Оптимист» оңалту-демалыс клубы клуб мүшелерін кітапханада бар әдебиеттердің барлық түрлері мен форматтары арқылы ақпарат алуға белсенді түрде тартады. Клуб аясында «Үйге арналған тифлоқұралдар» кеңес беру сағаты, Брайль бойынша «Алтын грифель» шеберлік сыныбы, гаджеттерді тұрмыста пайдаланудың «Барлық әлем қалтада» тифлосабағы өткізілген. Оқырмандарды қолданбалы қолөнерге баулу мақсатында ашылған «Сиқырлы саусақтар» сәндік-қолданбалы өнер клубы аясында пайдаланушылар жыл бойы шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, көптеген іс-шаралар атқарған.

Мерейтойлық іс-шаралар, «Бір ел - бір кітап - 2020» республикалық акциясы аясында түрлі іс-шаралар, сондай-ақ, балалардың жазғы демалысында бос уақытты пайдалы өткізуде, шығармашылық қабілеттерін дамыта, рухани және мәдени құндылықтарды дәріптеуде «Жігер» онлайн алаңы ашылып, «Kids-Press» блогер балалар дайжестінде ерікті блогер балалар кітапхананың мерзімді басылымдарына ақпараттық шолу жасап, оқушылардың ой-өрісін арттыруға барынша үлес қосқан. «Шығармашылық ноталары» онлайн марафоны аясындағы көркем туындыларды кеңінен насихаттаған «Кітап - ғажайып әлем» кітап бульвары кітапқұмар өрендердің ықыласына бөленген.

Кітап оқуды насихаттап, оқырман мен кітап арасын байланыстыру кітапхана қызметінің басым бағыттарының бірі. «Кітап кейіпкерлері», «Қазақ фольклоры», «Из жизни незрячих», «Знаменательные даты года», «Библиотеки и спецбиблиотеки мира», «Хобби и увлечения знаменитых писателей», «Magic Fitness - спорт менің өмірімде», «Разберем книгу на части» ВООК-бейнетюнинг және т.б. онлайн форматта өткізілген іс-шаралар көркем әдебиетті кеңінен танымал етіп, оқырмандардың оқу мәдениетін қалыптастырып, ақпараттық сауаттылықты нығайтуға ықпал еткен.

Жалпы кітапханада жоспарланған көпшілік іс-шаралар саны – 50. Оффлайн режимде жоспардағы іс-шаралардың 20 % құрайтын 10 іс-шара, онлайн режимде 150 % құрайтын 75 іс-шара өткізілген. Пандемияға байланысты 9 іс-шара өткізілмей қалған. Одан басқа жоспардан тыс 25 онлайн іс-шара өткізілген.

*Қызылорда облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасының* мәдени-көпшілік жұмыстары аудандық орталықтандырылған кітапханасында Қазақ соқырлар қоғамының мүшелерімен бірге өткізіледі. 2020 жылдың наурыз айынан бастап «Аудиокітапхана» тобы ашылып осы топқа қала, аудан көлеміндегі көз мүгедектері топтастырылған. Осы ашылған топ арқылы оқырмандар өз сұраныстарына байланысты кітаптарды жыл көлемінде тыңдай алу мүмкіндігіне ие болды. Алғашқы тыңдалған кітап М.Әуезовтың «Абай жолы» романы. Сонымен қатар Шиелі ауданының көз мүгедектері «Тағдырластар» тобы арқылы Абайдың «45 қара сөзін» толығымен тыңдаған. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласын дауыстап оқу сағаты өткізілген. «Әбу Насыр әл-Фарабидің жаһандық ғылым мен мәдениетке қосқан үлесі», «Ер есімі – ел есінде» онлайн лекциясы, «Халқым деп соққан жүрегі» онлайн танымдық сағаты, «Татулық тірегі – Сыр елі», «Үш жүздің басын қосқан Ұлытау», «Қазақстан – ядролық қарусыз ел» онлайн кітап көрмелері т.б. көптеген іс-шаралар болып өткен.

Мәдени көпшілік қызмет көрсетуде «Балбұлақ» балалар клубы балалармен бірнеше мәдени шаралар ұйымдастырған. 1 маусым – Балаларды қорғау күніне орай «Өнерлі өрендер» атты онлайн көркем сөз оқудан сайыс ұйымдастырылып, жүлделі орын иеленген жас оқырмандар сыйлықтармен марапатталған. Жалпы ағымдағы жылы кітапханада 28 іс-шара өткізілген.

*Л. Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы зағип және нашар көретін азаматтарға арналған бөлімінің* кітапханашылары 2020 жылдың басым бағыттары, маңызды оқиғалары мен мерейтойлық күндерді, атап айтқанда: Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығы; Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы мен Әл-Фарабидің 1150 жылдығын мерекелеу, «2020 - Еріктілер жылы» және т. б. бойынша үлкен жұмыстар жүргізген. Кітапханада тұрақты жұмыс істейтін және газет мақалаларымен жаңартылып отыратын тақырыптық сөрелер дайындалып, рәсімделген. Білім беру онлайн жобалары аясында «Біздің досымыз – денсаулық» жаңа материалдарды бейнеоқу, «Біз – бір отбасымыз» Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған аудиоподкасттар, «Ерекше адамдардың әдеттегі өмірі» мерзімді басылымнан мақалалар оқу, «Әл-Фараби мұрасы» - аудиоақпарат, Жеңістің 75 жылдығына орай «Балаларға соғыс туралы оқимыз» халықаралық онлайн-акциясына қатысу, Отан қорғаушы күніне арналған «Әскери қызмет тарихы» таныстырылымы, Жеңіс күніне арналған «Жүректе жүрген жорықтар» әдеби-музыкалық композициясы, «Облыс тынысы» - мерзімді басылымнан мақалалар іріктеу, «Читайка – познавайка» әдеби марафоны, «Жүрекке жылы жазулар» аудиоақпараты, «Оқу сәнді, оқымау сәнді емес» - кітапханашы оқуға кеңес береді, «Абай оқулары» байқауы, «Оқы және біл» әдеби марафон, «Біздің кітап» нүктелі-бедерлі қаріпті жаңа басылымдарға шолу, «Өзіңіз оқыңыз, бізбен бірге оқыңыз!» нүктелі-бедерлі қаріптегі мерзімді басылымдарына шолу, «Абай әндері» сазды акциясы, «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында М. Әуезовтің «Абай жолы» атты бір кітап көрмесі, «Қазақстан жаңа шындықта: әрекет ету уақыты» мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдауы дауыстап оқулар ұйымдастырылған.

Ағымдағы жылы кітапхана барлығы 87 оффлайн іс-шара және 172-ге жуық онлайн іс-шара өткізген.

*Көкшетау қалалық зағип және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы* жыл бойы зағип оқырмандармен, басқа топтағы мүгедектермен, балалармен, зейнеткерлермен, «Гармония» көркем-эстетикалық клубы мүшелерімен, кітапханааралық пункттарымен тығыз байланыста болған. Зағип және нашар көретін оқырмандар үшін «Біздің басылымдар» атты дауыстап оқулар өткізіліп тұрған. Кітапханаға келіп түскен мерзімді басылымдардан жаңалықтар оқылған. Көкшетау қалалық зағип және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы 23 сәуірден күн сайын ватсап желісінде «Здоровье без лекарств» атты денсаулық беттерін жүргізді.

Сонымен қатар, кітапхана қызметкерлері екі күн бойы (4-5 тамыз) Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған ҚР Зағип және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханалардың жас кітапханашыларының «Жастар және Абайдың рухани құндылықтары» атты II Слегіне және Новосібір облысының мәдениет министрлігінің, Ресей кітапханалары қауымдастығының қолдауымен Новосібір облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасында онлайн форматта өткізілген «Качество доступной среды в векторе межсекторного взаимодействия» атты X Халықаралық ассистивтік көмек көрсету мектебінің жұмысына белсенді қатысқан.

«Өркен» балабақшасында № 9 арнайы тобына «Ата салтым - асыл мұрам» атты танымдық сағат өткізіп, балаларға қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы ақпарат тарқатылған. ҚР Президентінің Жолдауы бойынша «Елбасының Жолдауы - игі істер кезеңі» атты ақпарат берілген, «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткізілген іс-шаралар: жазушы І. Есенберлинның 105 жылдығына орай «Талантты жазушының тағылымы» атты әдеби портрет, М. Мағауинның 80 жылдығына арнап «Ұлтын сүйген ұл» кең

көлемді кітап көрмесі, Әбу Насыр Әл-Фарабидың 1150 жылдығына орай «Гибраты мол тұлға» атты танымдық сағат, «Даласындай дарқан дарын» атты онлайн әдеби-музыкалық қонақжай өткізілген. Ағымдағы жылы «Жанға шипа, көңілге медет кітаптар» атты кітапхананың жобасы ұйымдастырылған. Жоба аясында «Спортты жақсы көремін» тақырыптық кеші, «Толқынды өмір толғаулары» шарасы, т.б. болып өткен. «2020 - Еріктілер жылы» деп аталуына орай «Ерікті болу – ерлік» атты пікір алмасу өткізіліп, шараға Ш. Уәлиханов атындағы университетінің Көпсалалы колледжінің I, II курс студенттері, «Аманат» еріктілер клубының қатысушылары мен осы клубтың жетекшісі атсалысқан. Әл-Фарабидің 1150 жылдығына «Әл-Фарабиден үлгі» атты ақпараттық досье мен «Ғылымның асыл тегі», «Кемеңгер ойдың көшбасшысы» атты көрмелері ұсынылған. Алтын Орданың 750 жылдығына орай «Алтын Орда - қазақ елінің бесігі» тарихи вояжы, «Ұлы дала мұрасы» бейнесабағы, «Ел тарихы сыр шертеді» тарихи досьесі ұйымдастырылып, оқырман назарына ұсынылған. Данышпан ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арнап «Қара сөздері» бойынша және «Қара өлеңнің камшыгері» атты оқулары өткізілген. Сондай-ақ, латын графикасына көшу, «Біз біргеміз. Біз үйдеміз» акциясы, «Мың алғыс дәрігер» акциясы, мемлекеттік мерекелер мен кәсіби және өзге де мерекелерді атап өтуге байланысты түрлі кітапханалық іс-шаралар атқарған. Жалпы есепті жылы кітапхана 96 көпшілік іс-шаралар өткізіп, оқырмандар ықыласына бөленген.

*Қ. Сыдықызов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған филиалы* оқырмандар үшін қызмет жасауды, соның ішінде кітап көрмелері, түрлі тақырыптық іс-шараларды өткізу, ақпараттық және дауыстап оқу сағаттары, «Бір ел - бір кітап» акциясы, Елбасының «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» бағдарламасы бойынша, Президент Қ.Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі»

тақырыбында және де әр түрлі қоғамдық, мәдени, тарихи, рухани тақырыптарда ақпаратты насихаттау жұмыстарын атқарған. Сонымен қатар, жоспардан тыс түрлі тақырыптарда дауыстап оқу сағаттары, мерзімді басылым беттеріне шолу ұйымдастырылып, кітапханамызға алғаш рет ат басын бұрып тұрған зағип және нашар көретін азаматтарға арналып кітапханаға саяхат ұйымдастырылып, жаңадан келіп түскен тифлотехникаларды қолдану ережелері туралы нұсқаулықтар өткізіліп тұрған. Президент Қасым Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы мен Абай Құнанбайұлының нүктелі-бедерлі қаріптегі өлеңдер жинағы, сондай-ақ, кітапханада шығарылған өзге де тақырыптағы нүктелі-бедерлі қаріптегі басылымдарды пайдаланушыларға таныстыру шарасы өткізілген. «Мерзімді басылым беттеріне шолу» тұрақты өткізіліп тұрған.

Қ. Сыдиықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған филиалы да басқа арнаулы кітапханалардағыдай атаулы күндер, кәсіби және өзге де мерекелер аталып өтілген, кітап көрмелері тұрақты ұйымдастырылып, кітапханаға виртуалды саяхат жүргізілген. «Кітапханаға саяхат» айдары бойынша зағип жандарға арнап Брайль қарпінде баспа материалын дайындауға мүмкіндік беретін EVEERST DV 4 принтері туралы бейнематериал, «Әдебиет порталы» қосымшасы туралы ақпарат дайындалған. «Кітапхана қорынан» айдары бойынша, кітапхана қорында бар, балаларға арналған қазақ және орыс тіліндегі дыбыстандырылған әдебиеттерге шолу жасалынып, «Мен оқыған кітап» айдары бойынша оқырманның өзі оқыған кітабы, кітаптан алған әсері жайында пікір алмасулар жүргізілген. «Танымал зағип тұлғалар», «Кітаптың түрлері», «Әлемдегі ең көне мұражайлар», «Тифлотехника жаңалықтары», «Қазақ жазушылары», т.б. көптеген тақырыптарда дыбыстандырылған бейнероликтер көрсетілген. Жалпы жыл көлемінде 65 іс-шара өткізілген.

*Павлодар облыстық көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы* кітапханада өлкетану білімдерін насихаттауға және бос уақытты тиімді өткізуге назар аударып келеді. Оқу залында, әлеуметтік желілерде әдебиет, өнер саласындағы жыл кейіпкерлерінің өмірі мен шығармашылығын көрсететін көрмелер өткізілген. Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласындағы тақырыптарға назар аударып, кітапхана ішілік түрлі іс-шаралар ұйымдастырған. Өткізілген шаралардың ішінде бірнешеуін атап өтсек: В.Ивановтың 125 жылдығына орай Бұхар жырау атындағы әдебиеттік мұражайында «Шабыттандыратын шығармашылық күші» атты әдебиет кеші, актер Ш. Әбіловтың 70 жылдығына орай «Көркем бейнесі» онлайн кездесуі, жазушы С.Горбуновтың 70 жылдығына арналған «Не поле перейти...» онлайн ақпараты, т.б. Барлық шараларға кітап көрмелері қоса ұйымдастырылған. Тұрақты түрде тұратын «Біз тұратын өлке» өлкетану көрмесі үнемі толтырылып отырылған.

Қоғамдық-саяси әдебиеттерді насихаттау бойынша кітапхана қызметкерлері арасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын түсіндіру ақпараттық сағаты өткізіліп, онда мақаланың әрбір бөлігін көрсеткен. ҚСОҚ оқу-өндірістік кәсіпорнының «Ардагер» үйінде, қарттар үйінде, «Жас қанат», «Жас ұрпақ», «Жас дәурен» жастар үйлерінде ақпараттық сағаттар мен дауыстап оқу сағаттары ұйымдастырылған.

Қазақстанның Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 80 жылдық мерейтойына орай мерейтойлық шаралар циклы жасалған: «Тәуелсіз Қазақстан: қазіргі заман тарихы мен сабағы» кітап көрмесінің тұсаукесері, «Н. Назарбаев: көшбасшылық феномені» тарих сағаты. Жаз мезгілінде балаларға арналған апта сайынғы «Childrens world» ақпараттық рубрикасы өткізілген. 26 тамыздан қыркүйекке дейін әлеуметтік желіде «Мектепке жол» акциясы жүргізілген. 24-28 тамыз аралығында ҚР Конституциясының 25 жылдығына орай «Құқық және зағип» арнайы жобасы аясында

«Баланың әлеуметтік құқықтары туралы 25 заңнама» ақпараттық блогының сериясы өткізілген. Желтоқсан айында «Жаңа жылдық және Рождестволық оқиғалардың циклі» апталығы өткізіліп, балаларға арналған «BookS & news» онлайн бағдарламасы іске қосылған. Барлығы 2020 жылы 399 шара өткізілген: кітап көрмелері, сұхбат, дауыстап оқу сағаттары мен ақпараттық сағаттар, 10 радиохабар. Барлық өткізілген іс-шаралардың өзіндік маңызы бар, себебі бұл жаны шығармашылыққа құмар зағип жандардың қатысумен өткізілген.

*Петропавл қаласының зағиптар мен нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасында түрлі көпшілік іс-шаралар, оның ішінде, көрме-тақталары, бейне тұсаукесерлер, кітап көрмелері, әуенді тақырыптық бағдарламалар, интеллектуалды сағаттар, квизбук, әдеби викториналар, журналдарға шолулар және т.б. шаралар өткізілген. Мемлекеттік аталып өтілетін мерекелер мен мерейтойлық күндер де назардан тыс қалмады. Бірнешеуіне тоқтала кетсек: «100 жаңа оқулық», «Латын әліпбиіне көшу» арнайы жобасы аясында «В потоке времени» көрмесі, «Еріктілер жылы» аясында «Помогая другим, мы помогаем себе» көрме-коллажы ұйымдастырылған. ҚР Президентінің жыл сайынғы жолдауын талқылау болып өтті. «Актерлық шеберлік байқауы» ойын бағдарламасы жүргізілген. Бағдарлама қатысушылары «Комплимент актера», «Человек жюущий», «Разговор животных», «Басни Крылова», «Стихотворение» кезеңдері бойынша бақ сынасқан. Сонымен қатар, Абай Құнанбаевтың 175 жылдығы, Ж. Молдағалиевтың 100 жылдығы, А. Кристидің 130 жылдығы, Ш. Қалдаяқовтың 90 жылдығы, т.б. аталып өтілген. «Театр книги в формате ТИФЛО» жобасы дайындалып, жоба барысында ҚСҚ және кітапхана оқырмандары арасында тетарға жақын жандармен шаралар жүргізілген. Жоба аясында сахнадан тыс театр әлемінің экскурсиясы жүргізіліп өткен. «Читаем Абая» атты кітапхана оқырмандары арасында ұлы ақын Абайдың*



өлеңдерін оқудан онлайн жоба ұйымдастырылған. Қатысушылардың оқыған өлеңдері әлеуметтік желілерге жүктелген. Ағымдағы жылы барлығы 58 іс-шара ұйымдастырылған, оның ішінде кітап көрмелерінің саны - 21.

«Семей қаласының зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы» КММ де барлық арнаулы кітапханалар секілді мемлекеттік жолдауларды, ел көлемінде аталып өтілетін мерекелерді, кітапханаішілік іс-шараларды тұрақты өткізеді. Осы орайда ағымдағы жылы ҚР Президентінің 2020 жылы Қазақстан халқына Жолдауын насихаттау барысында 3 іс-шара өткізілген, еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігінің нышаны саналатын рәміздер күніне орай жыл бойы тақырыптық көрме қойылған. Есепті жылы кітапхананың алғашқы іс-шарасы Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын негізге ала отырып, «Рухани жаңғыру – ұлттың ұлы мұраты» атты ақпараттық көрме-инсталляциясын ұйымдастырған. Көрме мақсаты: осы мақаланың алты аспектілерімен тағы бір танысып, оқырман мен ҚСҚ қызметкерлері арасында насихаттау. Сонымен қатар, арнайы кітапхана мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру үшін сыбайлас жемқорлықпен күресу бағдарламасын оқырмандар мен ұжым арасында насихаттауда. Жаңа оқу жылы қарсаңынжа жыл сайынғы «Мектепке жол» акциясына қатысқан, «Кітапханаға кітап сыйлаңыз» акциясына да қатысып, «Шығыс адалдығы алаңы» жобасы аясында «Адал көмек» акциясын өткізген. Сонымен қатар, «Саналы ұрпақ» жобасы аясында «Семей қаласының зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы» КММ жас оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын қолдау мақсатында балалар кітаптары жиынтығын ұсынған.

Ағымдағы жыл елімізде Президент жарлығымен «Еріктілер жылы» болып жарияланған болатын. Осыған орай, арнайы кітапханада келесідей іс-шаралар өткізілген: «Қар тазалау» челленджі, «Менің көзім» қосымшасы (зағип жандар

қоңырау шалу арқылы еріктілер көмегімен сұрақтарын жауап ала алады), қарттар күнін атап өту, «Абай мұрасы – адамзаттың асыл қазынасы» атты нүктелі-бедерлі қаріптегі кітаптар сериясын шығару, кітапхананың жас оқырмандарына арналған «Өзің оқы, басқамен бөліс» акциясы, т.б. Өлкетану бойынша іс-шаралар да назардан тыс қалмаған. 2020 жылы кітапханада ең негізгі 6 іс-шара өткен. Олар: Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл, Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойы, Алтын Орданың құрылғанына 750 жыл, Қазақстан Халқы Ассамблеясыны 25 жыл, ҚР Конституциясына 25 жыл, Ұлы Жеңіске 75 жыл.

Кітапханада барлығы 87 іс-шара өткізілген, оның ішінде кітап көрмелерінің саны 35.

*Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасында жыл бойы көптеген маңызды іс-шаралар атқарылған. Олардың қатарында - «Өз уақытынан озып туған тұлға» атты Қазақстанның халық жазушысы Мұхтар Мағауинның 80 жылдығы, «Ескірмеген махаббат» әнші, композитор Е.Хасанғалиев 80 жасы, «Ұмытылмас ұлы ғалым» атты Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай іс, «Қазақ ұлтына – мың алғыс» - 1 наурыз – Қазақ ұлтына алғыс айту күні, «Ақ жарма, талантты ақын» - ақын Б.Бекетовтың 60 жас мерейтойы, «Әніне әлем тербелген» - әнші, композитор Марат Омаровпен кездесу кеші, «Сыр елінің тумасы, талантты композитор» - Кеңес Дүйсекеевтің туғанына 75 жыл, «Поэзияның асқар шыңы» - ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 90 жыл, т.б. айтулы шаралар аталып өтілген.*

Тұңғыш Президент күніне орай кітап оқу, кітапқа деген құштарлықты насихаттауға арналған «Көрме» орталығында республикалық «Kitap Fest» кітап фестивалі өтті. Шараға өңірдің зиялы қауым өкілдері, жастар, кітапхана оқырмандары, жоғары оқу орындарының және колледж студенттері, мектеп оқушылары, ата-аналар, жалпы қала тұрғындары қатысқан. Кітапхана, зағип оқырмандар мен кітапханашы мамандардың

тығыз байланысты жұмыс жасауы үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалануда.

Барлығы 229 іс-шара ұйымдастырылған, оның ішінде онлайн режимде - 188, оффлайн режимінде - 41 іс-шара.

«Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханасы» РММ мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. 2020 жылы кітапхана өмірі түрлі маңызды оқиғаларға толы болды. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа Жолдауы, 2020 жыл Еріктілер жылы, Әбу Насыр әл-Фарабидың туғанына 1150 жыл толуы, Алтын Орданың құрылғанына 750 жыл толуы, Ұлы Жеңістің 75 жылдығы, Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл, 2018 жылдың 5 қазанында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру» туралы Қаулысы, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жарық көрген мақаласы аясында, «Ұлы даланың жеті қыры» бастамасын жүзеге асыру, жалпы барлық мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру бағытында қоғамдағы айтулы күндер, мерейтойларға арналған іс-шараларды ұйымдастыру арқылы қоғам, өнер, білім, ғылым салаларындағы зағип азаматтардың өмірі мен шығармашылығын насихаттау кітапхананың жұмысының негізгі мақсаты болды.

Ағымдағы жылы кітапханада төмендегідей мәдени-ақпараттық және көпшілік іс-шаралар болып өткен: «Қызықты фактілер» айдары – 132, «Абайдың қара сөздері» онлайн дауыстап оқу – 41, «Атаулы күндер» айдары – 130, «Авторлық поэзия» зағип оқырмандар шығармасынан бейнежазба – 267 рет, «Знаменитые слепые» айдары – 8, «Ертегі әлемі» айдары – 56, көру қабілетін жүре жоғалтқан жандарға Брайль қарпін үйрету сабақтары – 11, зағип оқырмандар үшін оңалту бойынша бейнесабақтар – 8, нүктелі-бедерлі қаріптегі әдебиеттер мен журналдардың жаңа түсімдеріне онлайн

шолулар – 4 рет өткізіліп, оқырмандар назарына тұрақты ұсынылып отырылған. Сонымен қатар, Ұлы ақынымыз Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл толуына орай «Ізбасары Абайдың» атты қара сөздері мен өлеңдерін оқудан онлайн-байқау өткізілген. Маңызды шаралардың бірі «Жастар және Абайдың рухани құндылықтары» атты ҚР арнайы кітапханалары Жас кітапханашыларының онлайн II Слеті ұйымдастырылып, «Специальная библиотек XXI века – взгляд из региона» - онлайн-конференциясы жүргізілді. Мемлекет басшысының «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы талқыланып, дөңгелек үстел өткізілді. Шахматтан шеберлік сағаттары да назардан тыс қалмай жүргізіліп отырылды. «Әл-Фараби және әлемдік өркениет» - Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл, «Ұлық ұлыс – айбынды Алтын Орда» - Алтын Орданың құрылғанына 750 жыл, «Абай мұрасы – халық ұлағаты» - Ұлы ақын Абайдың туылғанына 175 жыл, «Наши издания» - «Біздің басылымдар» - кітапхана шығарған басылымдардан құралған тұрақты көрмесі, «Өнерін өнеге еткен Нұрғиса Тілендиев» - күйші-композитор, дирижер, халық қаһарманы Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 95 жыл, «Жаңа кітаптар» - 2019-2020 жылдары «Өнер және спорт әдебиеттері» бөлімінің кітап қорына келіп түскен жаңа әдебиеттерден құралған көрме және «Өмірге құштарлық» - өнер және спорт саласындағы зағип оқырмандардың жетістіктеріне арналған көрмесі жыл бойы тұрақты ұйымдастырылған.

Кітапханада жыл көлемінде барлығы 755 іс-шара болған (онлайн – 740, оффлайн – 15), оның ішінде 705-і жоспардан тыс, жоспар бойынша - 50, кітап көрмелері - 20.

Қорыта айтар болсақ, арнаулы кітапханаларда түрлі тақырыптардағы көптеген іс-шаралардың ұйымдастырылу бағыты мен деңгейі уақыт өткен сайын күрделеніп келеді.

Барлық арнаулы кітапхана қызметкерлері түрлі мәдени іс-шараларды ұйымдастыру арқылы ауқымды кітап

көрмелерін, әдеби-сазды кештер, кездесу және еске алу кештерін өткізген.

«Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамыту», гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру, зағип ақындардың шығармашылығын насихаттау, ҚР атаулы күндері мен еске алу күндері, ақын-жазушылардың мерейтойларын атап өту мақсатында және т.б. түрлі әдістерді пайдалана отырып, есепті жылы түрлі қызметтер көрсетілді.

*Ағымдағы жылы әлемде орын алған пандемия салдарынан кітапханалық қызмет көрсету онлайн форматқа ауысқан болатын. Сол себепті кітапханада өткізілетін іс-шаралар да онлайн режимінде жүргізілді. Кітапханалар өз кітапхана сайттары мен әлеуметтік желілеріне (инстаграм, фейсбук, ютуб) өткізілген іс-шара ақпараттарын (суретімен, бейнеролигімен қоса) тұрақты жүктеп отырған.*

### **Арнаулы кітапханалардың қоғамдық ортамен байланысы**

Қазіргі таңда, зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханалардың тыныс-тіршілігін бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) арқылы көре аламыз. Яғни, арнаулы кітапханаларда өткізілген көпшілік іс-шаралар теледидар, радио, жергілікті газет-журналдар арқылы көпшілік қауымға жеткізіліп отырылады.

Газет-журнал беттеріндегі кітапханашылардың, оқырмандардың мақалалары, журналистердің радио, теледидар және әлеуметтік желілер арқылы берген репортаждары мен бейне көрсетілімдері халық арасында арнаулы кітапханалар жайында дұрыс пікір қалыптасуына үлкен ықпалын тигізеді.

Арнаулы кітапханалар Қазақ зағиптар қоғамы клубтарымен, облыстық, қалалық кітапханалармен, қоғамдық

ұйымдармен, мұражайлармен, зағип және нашар көретін балаларға арналған мектеп-интернаттарымен, балабақшалармен, қайырымдылық қорларымен, қалалық мүгедектер қоғамымен, облыстағы, қаладағы тағы да басқа ұйымдармен бірлесе жұмыстар атқарады.

*Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы* көпшілік іс-шараларды өткізу барысында кітапхана оқырмандарының қажеті мен сұраныстарын жоғары деңгейде қанағаттандыру, кітапхана қызметіне перспективті сұранымды қалыптастырып, дамыту үшін келесідей ұйымдармен тығыз байланыста қызмет етуде: Облыстық «Қазақ зағиптар қоғамы» бірлестігі; Қазақ зағиптар қоғамының «Ақтөбе оқу-өндірістік кәсіпорны»; Облыстық және қалалық мәдени мекемелер; Білім ордалары (мектептер, колледждер, жоғары оқу орындары); Бұқаралық ақпарат құралдары; Этномәдени бірлестіктер; Салауатты өмір салтын насихаттау орталығы; Өнер, мәдениет, әдебиет, ғылым, спорт салаларындағы танымал тұлғалар, т.б.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мүгедектерге немесе егде жастағы адамдарға арналған сырттай немесе стационардан тыс қызмет көрсету нысандары арқылы кітапхана қорларына қол жеткізу ережесіне» сәйкес арнайы оқырмандар тобының ақпаратқа тең қолжетімділігін қамтамасыз ету және олардың сұраныстарын қанағаттардыру мақсатында аудандарда және Ақтөбе қаласында орналасқан облыстық кітапханалармен келісімшарт жасалынып, бірлесе кітапханалық қызмет көрсетілуде. Кітапхананың имиджін қалыптастыру мақсатында облыстық арнаулы кітапхана БАҚ-мен тығыз байланыста жұмыс жүргізген. Республикалық арнаулы кітапхананың «РБНСГ-Вести», облыстық «Үш таған» журналдарында, облыстық «Ақтөбе», «Актюбинский вестник», «Эврика» газеттерінде, «АҚТӨБЕ» облыстық телеарнасында, «РИКА» облыстық радиосында кітапханада ұйымдастырылған шаралар туралы мақалалар, ақпараттар, сюжеттер уақытылы жарияланған. Сонымен қатар облыстық

мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының, арнаулы кітапхананың сайттары және әлеуметтік желілердегі парақшаларда (вконтакте, инстаграм, фейсбук) екі тілдегі ақпараттармен толықтырылып, жүктеліп отырылған.

*«Шығыс Қазақстан облыстық зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы» КММ «Үлбі» зейнеткерді әлеуметтік бейімдеу орталығы, «Азина» мүтедек әйелдер қоғамы, «Ақ-Ниет» мектеп-интернаты, «Ана мен бала орталығы» КШК, көз кемістігі бар балалар бала-бақшалары, «№ 19 мектеп қосымша білім беру орталығы» КММ, Ағайынды Абдуллиндер атындағы өнер училищесі, «Ертіс концерт» КМҚМ, Облыстық Достық үйі қоғамдық келісім орталығы, ШҚО дене шынықтыру және спорт басқармасының «Мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған спорт клубы» КММ және басқа да мекемелермен байланыста болған. Ағайынды Абдуллиндер атындағы өнер училищесі, «Ертіс концерт» КМҚМ, облыстық Достық үйі бірнеше рет кітапхананың ірі имидждік іс-шараларына қатысқан. ШҚО мәдениет мекемелерімен де тығыз байланыста. Оның ішінде: облыстық өнер мұражайы, облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, облыстық театр бар.*

2020 жылы республикалық, облыстық және онлайн баспасөз басылымдарында кітапхана ісі жайлы 18 мақала жарық көрген, республикалық және облыстық «ALTAI» телеканалдарында 5 сюжет көрсетілген.

*Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасының мерзімді басылым беттерінде 14 мақаласы жарық көрген. Теледидар және ақпараттық сайт беттерінде 39 материал жарияланған.*

*Батыс Қазақстан облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасының жыл ішінде өткізген көпшілік-мәдени іс-шаралар көрінісі облыс көлеміндегі «Ақжайық», «ТДК-42» телеарналарының жаңалықтарынан көрсетілген. 2020 жылы кітапхана мамандары және оқырмандары «Ашық студиясына», «Талап»*

радиосы және «Қазақ радиосының» 101 FM «Сұхбат» айдарына қатысқан.

Әлеуметтік серіктестікті нығайту мақсатында кітапхана облыстық мүгедектер қоғамы, Қазақ зағиптар қоғамы, КСҚ-ның Орал оқу-өндірістік кәсіпорны, облыстық, қалалық еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру мекемелерімен, М. Өтемісов атындағы БҚУ, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжі, АТиСО колледжі, Орал «Сервис» технологиялық колледжі, «Сервис және жаңа технологиялар колледжі», Сәкен Гумаров музейімен, Құрманғазы атындағы Орал саз колледжі, «Үміт» Рухани және зияткерлік қоғамдық бірлестігі, Назарбаев зияткерлік мектебі, облыстық арнаулы мектеп-интернаты, № 2 Орал саз мектебі, № 26 «Тұлпар» балабақшасы, А. Тайманов атындағы № 34 мектеп-гимназиясы, № 44 мектеп-гимназиясы, дарынды балаларға арналған № 8 облыстық мектебі және қалалық № 5, № 9, № 23, № 33, № 47 жалпы білім беретін орта мектептермен тығыз байланыста жұмыс жүргізген.

Мерзімді басылым беттерінде 14 мақаласы жарық көрген. Сонымен қатар кітапхана қызметкерлері жергілікті радио мен телеарналарға 11 рет қатысып, кітапхана жұмысы туралы ойларымен бөліскен.

*Қарағанды облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасының* қызметі туралы ақпаратты масс-медиа құралдарында жариялау, әсіресе, онлайн форматтағы жұмыс кезеңінде оқырмандардың ақпаратқа қолжетімділігін, кітапхананың беделі мен танымдылығын арттырды, жаңа оқырмандарды тартуға, кітапхананың көру қабілеті нашар жандардың демалыс және әлеуметтік-мәдени оңалту орталығы ретінде және ақпараттық орталық ретінде одан әрі дамуына ықпал етті.

2020 жылы 10 баспасөз парағы жазылып, кітапхана жұмысы туралы баспа және электрондық БАҚ 15 жариялым жарияланған.



Жыл бойы кітапхана жұмысы туралы «Saryarqa» телеарнасында 4 сюжет көрсетілген: «Карантин кезіндегі кітапхана жұмысы» сюжеті берілген; «Үақit.kz» бағдарламасында «Рухани қазына - 2020» республикалық фестивалінің жеңімпаздарымен кездесу өткен; «Жаңалықтар» бағдарламасында «Рухани қазына - 2020» республикалық фестивалінің жеңімпаздары көрсетілген; Халықаралық мүгедектер күніне орай тифлооқытушы-оңалтушы В.А.Высочинскийдің «Үақit.kz» бағдарламасы «Айтамыз және көрсетеміз» хабарына қатысқан.

*Л. Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы зағип және нашар көретін азаматтарға арналған бөлімінің* өткізілген атаулы шаралар мен оқиғалар «Костанайские новости», «Наша газета», «Наш Костанай», «Үш қоныр» газеттерінде жарияланып отырылған. Жыл көлемінде барлығы 10 мақала жарық көрген.

*Көкшетау қалалық зағип және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы* қала аумағындағы көптеген ұжымдармен жұмыс жасайды, жыл сайын бірігіп шаралар өткізеді: Ақмола облыстық қазақ зағиптар қоғамы, Көкшетау қалалық жоғары медициналық колледжі, қала мұражайлары, № 1, 3, 10 орта мектептері, «Өркен» балабақшасы, «Мұрагер» балалар аула клубы, Салауатты өмір салтты насихаттау және Көз орталықтары, Оқу-өндірістік кәсіпорынның клубы, қалалық ақпараттық кітапхана жүйесінің басқа да кітапханаларымен және «ЗНКААРК» РММ-мен, т.б. ұжымдармен тығыз байланыста болып келеді.

*Қ. Сыдықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған филиалы* Жаңаөзен қаласындағы көзі көрмейтін жандарға арналған кітапхана секторымен, Ресей Федерациясының Астрахань қаласында орналасқан «Зағиптарды мәдени-әлеуметтік оңалту кітапхана орталығымен», «Ақтау қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» КММ, Маңғыстау

облыстық және де Ақтау қалалық Қазақ зағиптар қоғамы, зағип жандар жұмыс жасайтын оқу-өндірістік мекемесімен, Мұнайлы аудандық Қазақ зағиптар қоғамымен, Ақтау қаласында орналасқан мектеп-интернатымен, арнаулы балабақшамен, «Саған сенемін» қоғамдық бірлестігімен, Маңғыстау облыстық мүгедектік спорт клубымен және түрлі ұлт өкілдері ұйымдарымен, басқа да қоғамдық орындармен байланыс жұмыстарын жүргізіп келе жатыр.

*«Семей қаласының зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы» КММ арнайы кітапхананың жағымды жаңалықтарын БАҚ арқылы хабарлап тұрады.*

2020 жылы аудиогид форматында «Ұлы Абайға адалдық» атты көрме ұйымдастырылып, шара «Хабар 24 kz», «Қазақстан-Семей», «ТБК-6» телеарналарынан көрсетілген. Сонымен қатар, Абайдың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі поэмалары 3 форматта басылып шығып, «Қазақстан-Семей», [altaynews.kz](http://altaynews.kz), «ТБК-6» телеарналарында, KAZINFORM, [Semey.24](http://Semey.24), [akimat.semey](http://akimat.semey) әлеуметтік желілерінде жарияланған.

*Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасының* айтулы «Көз мүгедектерін әлеуметтік-мәдени оңалтудағы қарым-қатынас» атты тұрақты жобасы бар. Үстіміздегі жылы жобаға 10 жыл толған болатын. Сонымен қатар, «Шаттықтың шатқалында» жергілікті «Оңтүстік» телеарнасымен «Таң нұры» бағдарламасында «Шалқар шабыт» атты көз мүгедектерімен сұхбат айдары жүргізіліп, есепті кезеңде 12 кейіпкермен сұхбат жүргізілген. «Шексіз мүмкіндіктер» жобасы шеңберінде «Belline Казахстан» компаниясымен келісім-шарт жалғасын тауып, тегін интернет желісімен жұмыстар атқарылуда. Жоба аясында, студент зағип оқырмандармен қатар кітапханадағы бөлімдер де ғаламтор желісімен қамтамасыз етілген, «вай-фай» арқылы ғаламтор желісіне қосылған. Көпшілік іс-шаралар алыс-жақын шет елдермен, республика көлемінде «онлайн ғаламтор» арқылы өткізіледі.

Кітапхана қызметін зағип жандар ғана емес, олардың отбасы мүшелері, тифлопедагогика, дефектология саласындағы мамандар «Үміт» әлсіз көретін және зағип балаларға арналған мектеп-интернатының оқушылары, «Ақбота» көз мүгедектері балаларына арналған балабақша пайдалана алады.

Жұмысты жоспарлау барысында оқырмандардың талап-тілектері ескеріліп, қызығушылықтарына байланысты құрылған клубтар өз жұмысын атқарып келеді. Оқырмандардың жас ерекшеліктеріне қарай, кітапханалық қызметтің түрлі әдістері мен тәсілдері қолданылды. Дәстүрлі түрде сұраныстағы кітаптарды қайта өңдеп шығару жұмысында, кітаптарды анықтау кезеңіне оқырмандар да қатысты. Оқырмандарды кітапханаға тарту мақсатында - оқырмандар арасында нүктелі-бедерлі қаріпті кітаптардың қай сала бойынша және қай авторды ұнататындықтарын анықтау үшін, тұрақты жүргізілетін сауалнама (анкета) екі тілде дайындалып, зерттеулер жүргізу арқылы сұранымдағы кітаптар шығарылған.

Кітапханада ұйымдастырылған іс-шаралардың 21-і телеарналардан көрсетіліп, 7 мақала жергілікті БАҚ беттерінде басылған, «МиксNews» сайтында 1 мақала жарық көрген.

*«Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ* мемлекеттік ұйымдармен қатар, мемлекеттік емес ұйымдармен де тығыз байланыста жұмыстар атқарып келеді. ЗНКААРК қызметі және өткізілген түрлі іс-шаралар әрдайым «Үш қоңыр», «Қазақ әдебиеті», «Время», «Литер», «Алматы ақшамы», «Үш қиян», «Егемен Қазақстан» мерзімді басылымдарында және «Ұлттық кітапхана» журналдарында, «РБНСГ-Вести» газетінде кеңінен жарияланған. «Алматы» телеарнасында «Бақытбек Смағұлдың 60 жылдық мерейтойына арналған шығармашылық кеш өтті» тақырыбында жаңалық, «Kazakhstan Today» басылымында «Ізбасары Абайдың» атты Абай қарасөздері мен өлеңдерін жатқа оқудан байқау тақырыбында ақпарат жарияланған.

«ЗНКААРК» РММ ҚСҚ-ның орталық басқармасымен, ҚСҚ-ның Алматы бөлімшесінің қоғамдық бірлестігімен тығыз жұмыстар атқарып келеді. Мүмкіндігі шектеулі азаматтармен жұмыс істейтін Мәдениет үйімен, түрлі ұлттық орталықтармен, үкіметтік емес ұйымдармен, «Көмектес» қоғамдық қайырымдылық қорымен, «Жігер» мүмкіндігі шектеулі қоғамдық жастар ұйымымен, Алматы қаласындағы жоғары оқу орындары мен колледждері, Н. Островский атындағы зағип және нашар көретін балаларға арналған мектеп-интернаты, Есік қаласындағы облыстық көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы мектеп-интернаты, т.б. ұйымдарымен бірлесе жұмыс істеуде.

Қорыта айтар болсақ, арнаулы кітапханалардағы сапалы қызмет көрсетуде, мамандардың белсенділігін арттыруда қолданушылардың шығармашылығын шыңдауға кітапхана жарнамасы кеңінен пайдаланылады. Кітапханалық қызметтегі жарнама төмендегідей бағытта жүзеге асырылған:

- кітапхана қызметі туралы көпшілікті БАҚ арқылы хабардар ету үшін мақалалар баспасөз беттеріне жарияланып, телеарналардан көрсетілген;

- тақырыптық шаралар, кітап көрмелері, тұсаукесерлер өткізілген;

- аңдатпалар, әдеби шығармалар афишалары, кітапханалық плакаттар, тақырыптық папкалар жасалынған;

- кітапхана жұмысы туралы экскурсиялар жүргізілген.

Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың оқып білім алуы үшін, конституциялық құқықтарын қамтамасыз етуге жағдай жасауда және түрлі басылымдардағы кітап қорына (нүктелі-бедерлі қаріштегі, дыбыстандырылған, жайпақ баспа қарпіндегі, электронды ресурстар) қол жеткізуін қамтамасыз ете отырып, арнайы кітапхана жүйесінің әлемдік ақпараттық қауымдастыққа және халықаралық интеграция мен жаһандану процесіне енуін қамтамасыз ету басты міндеттердің бірі. Алдағы уақытта да арнаулы кітапханалардың жұмыс істеу

деңгейі ұлғайып, ауқымды жобалар мен іс-шаралар жалғасын таппақ.

## **Қазақстан Республикасы арнаулы кітапханаларын әдістемелік қызметпен қамтамасыз ету**

Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталған болатын. Қазақстан Республикасы да ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді.

Қоғамды ақпараттандыру – мәдениет пен ғылымның дамуының негізгі шарттарының бірі. Осы мәселені шешудегі басты рөлдердің бірі кітапханаларға жүктеледі. Сондықтан, әдістемелік тұрғыда мықты болу заман талабына айналып отыр. Аталмыш бағытты дамытуда арнаулы кітапханалардың атқарар рөлі ерекше.

Қазіргі таңда арнаулы кітапханалардың мамандарына қойылатын талаптар жоғары. Оқырмандардың сұраныстарын қанағаттандыруда кітапханашылардың білім деңгейлері уақыт талабына сай жоғары болуы тиіс. Бүгінгі таңда кітапханашыларға дәстүрлі жұмыс ырғағымен өзге жаңа кәсіби талаптар қойылуда. Әрине, ол талаптарды орындау үшін білімімен, іскерлігімен және жаңашылдығымен ерекшеленіп тұратын маман қажет. Осы орайда, арнаулы кітапханалардың қызметкерлері үнемі білімдерін жетілдіріп, түрлі конференциялар мен семинарларға қатысуда. Республика көлемінде және шет елге іс-сапарлармен шығып, іс-тәжірибелер алмасып отырады. Сондай-ақ, кітапханада библиографиялық нұсқаулықтар мен әдістемелік құралдар шығарумен тұрақты айналысуда.

Республика арнаулы кітапханаларының әдістемелік қызметтерінің мақсаты – әдістемелік қызметті дамытудың тәсілдерін құрастыру және оны жетілдіру, кітапхана әлеміндегі жаңалықтарды меңгеру, кітапханашылардың кәсіби біліктілігін көтеру. Әдістемелік қызметпен қамту негізінде

жыл сайын арнаулы кітапханалар қызметінің есебіне талдау жасалады.

*Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасында* ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің жанынан құрылған кітапхана ісі жөніндегі «Көркемдік кеңес» ZOOM платформасында өткізілген. Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасының қызметкерлері М.Тулегенов, Г.Тетегулова Башқұртстан республикасының М.Тухватшин атындағы зағип және нашар көретін азаматтарға арналған кітапханасының халықаралық ғылыми-практикалық онлайн конференциясына қатысқан. Конференция тақырыбы: «Библиотека для слепых в структуре межкультурного взаимодействия народов России». С.Торайғыров атындағы Павлодар облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы «ActWeek: Storytelling: Successstories. Америка бұрышы» мүгедектік туралы заң апталығына орай онлайн кездесу ұйымдастырды. Онлайн кездесуде Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасының қызметкерлері М. Тулегенов пен Г. Тетегулова «Моя история» тақырыбында баяндама оқыған. Арнаулы кітапхана «Общедоступная специальная библиотека - организатор информационного пространства для людей с ограниченными возможностями здоровья. Спецбиблиотеки и новые формы работы» халықаралық онлайн семинарына қатысқан.

ҚР Ұлттық кітапханасы «Қазақстандық Кітапханалық Одақ» Занды тұлғалар бірлестігінен Хамзина Гүлстан Ғимранқызы «Кітапхана ісінің үздігі» төсбелгісімен, ҚР Ұлттық кітапханасының 110 жылдығы аясында облыстағы кітапхана ісі саласына зор үлес қосқан ардагерлер мен үздік мамандарды марапаттау рәсімінде, кітапхана директоры «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгісімен, ҚР Ұлттық Академиялық кітапханасы Қазақстан кітапханаларының Альянсынан кітапхана қызметкері

Әйгерім Жарқынқызы «Халық құрметі» төсбелгісімен марапатталған.

Мәдениет және өнер саласы ұйымдарының «Қазына - 2020» онлайн фестиваліне белсене қатысып, кітапхана қызметкері Алғыс хат пен қаржылай сыйақы иеленген. Сондай-ақ, кітапханашы мамандар Павлодар облыстық көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы ұйымдастырған «Общедоступная специальная библиотека - организатор информационного пространства для людей с ограниченными возможностями здоровья. Спецбиблиотеки и новые формы работы» атты халықаралық онлайн семинарына да белсенді қатысты.

*«Шығыс Қазақстан облыстық загіптар мен көзі нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы» КММ 2020 жылы кітапхана ҚР кітапханашылары Ассоциациясына мүше болып кірді. Бұл кітапхана жұмысындағы жаңа бір бағыт қана емес, сонымен қатар кітапхана мамандарының ісінің бағалануы. Кітапханашылар Ассоциациясына қатысу кітапханалық-ақпараттық соңғы жаңалықтарды білуге, загіптар мен көзі нашар көретін азаматтарға арналған ақпараттық баспа мен болашақ электронды кітаптармен танысуға мүмкіндіктер береді.*

Кітапхана мамандары кітапхана ісіндегі кәсіби біліктіліктері үшін - «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгісімен (Кадырова Г. К., Косицына Л. Б., Байдашева Г.К.), «Кітапхана ісінің ардагері» төсбелгісімен (Золотарева И. Л.), «Халық құрметі» төсбелгісімен (Бошаева А. М.) марапатталған.

Арнаулы кітапхана «Өскемен қаласының үздік қолжетімді нысаны» қалалық сайысында мәдени мекемелер арасындағы «Кедергісіз орта» номинациясында 1 орынды иеленген. Саратов қаласы облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасы ұйымдастырған «Читаем Пушкина вместе» Х халықаралық акциясына қатысқан. Павлодар облыстық арнаулы кітапханасының көз мүгедектеріне

қолжетімдегі форматтағы кітаптарға арналған «Туған өлке» атты Республикалық сайысына қатысып кітапхана ұжымы алғыс хатпен марапатталған. «Рухани жаңғыру» өңірлік жобалық кеңесі ұйымдастырған Өскемен қаласының 300 жылдығына арналған «Белгісіз Өскемен» виртуальды галереясына атсалысқан, «ЗНКААРК» РММ ұйымдастырған ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «Жастар және Абайдың рухани мұрасы» атты жас кітапханашылардың II Слетінде Дементьева Е.В. «Абайдың туған жері мен туған елі» атты баяндамасын оқыған.

*Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасының* қызметкерлері Шу, Т.Рысқұлов, Мерке аудандық кітапхананың зағип және нашар көретін азаматтар бөлімінде болып, кітапханашы Сейітбаева Гүлнар зағип оқырмандарды тактильді кітаптармен таныстырып, мүмкіндігі шектеулі жандардың шығармашылығын дамыту мен қызығушылықтарын арттыру мақсатында кітапханаға тарту жолдары мен тифлология бөлімінің бөлім жетекшісі Мотаева Жанар зағип оқырмандарға нүктелі-бедерлі қаріпте басылып шығарылған кітаптарды таныстырып, Брайль механикалық баспа машинасы бойынша жұмыс жасауды үйреткен.

16 желтоқсан – ҚР Тәуелсіздік күніне орай 1937-1938 жылғы Сталиндік репрессия құрбаны Т. Рысқұловтың нүктелі-бедерлі және жайпақ баспа қаріпте басып шығарылған «Тұғыры биік тұлға» атты әдістемелік құралға библиографиялық шолу әлеуметтік желілерде оқырмандар назарына ұсынылған.

*Батыс Қазақстан облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасы* кәсіби біліктілікті көтеру мақсатында кітапхана қызметкерлері онлайн режимдегі республикалық, облыстық семинарларға, шеберлік сағаттарға, кәсіптік дәрістерге қатысып отырған. Кітапхана мамандары республикалық арнаулы кітапхананың, Павлодар, Мәскеу, Самара, Санкт-Петербург арнаулы



кітапханаларының ұйымдастыруымен өткен онлайн режимінде ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарларға қатысып, білімі мен біліктіліктерін шындап, сертификаттар иеленген.

Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханасының ұйымдастырған ZOOM платформасында өткізілген «Онлайн қызмет көрсету тұрғысындағы арнаулы кітапханалардың негізгі көрсеткіштері» онлайн-семинарында кітапхана директоры Қ.Бурамбаева «Креативная библиотека в цифровую эпоху» тақырыбында баяндама жасаған, «Жастар және Абайдың рухани құндылықтары» атты ҚР арнайы кітапханалары және жас кітапханашылардың ІІ Слетіне кітапханашы Джумагалиева Балнур қатысып, «Кітапхана – жастар территориясы» тақырыбында баяндама жасаған. Самара арнаулы кітапханасында «Изменение роли специальных библиотек для слепых в связи с цифровизацией информационного пространства» атты конференциясына кітапхана директоры қатысып, «Западно-Казахстанская областная специальная библиотека для незрячих и слабовидящих граждан в условиях цифровой трансформации» атты баяндама жасаған.

«Нұр Отан» партиясының ұйымдастырумен өткен украин ақыны Тарас Шевченконың Орал қаласына келгеніне 160 жыл толуына арналған онлайн эстафетаға кітапхана мамандары белсенді қатысқан. Орал қалалық ішкі саясат бөлімі атынан ұлы ақын А. Құнанбаевтың 175 жылдығына орай өткен республикалық онлайн конференцияға қатысқаны үшін 8 кітапханашы сертификат иеленген.

*«Қарағанды облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы» КММ қызметкерлерінің жобалық қызметін жетілдірудегі мамандар арасында жарияланған «Ең үздік кітапханалық жоба» байқауында әр бөлім «Кітап дауысы - Голос книги», «Кітапханаға жол тап - оқуға қадамға бас», «Кітапхана*

қызметкерлерінің мемлекеттік тілді меңгеруі», «Использование технологий декоративно-прикладного искусства для детей с нарушением зрения в освоении информационного пространства», «Культурное наследие в 3D» жобаларын және оқырман Руслан Ахметов ұсынған «Объекты культуры и памятники города Караганды в брошюрах и на YouTube канале» жобасын ұсынып, мақсат-міндеттері, жүзеге асырылатын іс-шаралар, күтілетін нәтижелермен таныстырып, өзара талқылап, қорғаған. Бұл байқауда құжаттарды сақтау, толықтыру, әдебиеттерді өндеуді автоматтандыру және каталогтарды ұйымдастыру бөлімінің «Культурное наследие в 3D» жобасы байқауда жеңіске жетті.

Кітапханашылардың біліктілігін арттыру аясында 3 жыл сайын кітапханашылар азаматтық қызметкерлердің атқаратын лауазымына сәйкес аттестациялаудан өтеді. Сұхбаттасу қорытындысы бойынша барлық кітапхана қызметкерлері бекітілген біліктілік санатын бекітіп, аттестациялаудан өткен. Аттестация нәтижесінде еңбекақы төлеуден 5 маманның санаты көтерілген.

ҚР Ұлттық Академиялық кітапханасы «Қазақстан кітапханалары альянсы» қоғамдық бірлестігі атынан карантин кезеңдегі онлайн жұмыстағы табысты еңбегі үшін кітапханашы Екатерина Петровна Абишева «Халық құрметі» төсбелгісін иеленген.

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған «Қазақстан - татулық пен бірлік мекені» ең үздік тактильді кітаптардың республикалық онлайн байқауында әділқазылар алқасы құрамында төрелік еткен тифлопедагог-оңалтушы В.А.Высочинский жемісті шығармашылық ынтымақтастығы, жоғары кәсіби біліктілігі мен шеберлігі үшін Алғыс хатпен марапатталған. Халықаралық зағиптар күні мерекесінде көру мүмкіндігінен айрылған жандар арасындағы ағартушылық қызметі мен қоғамдық өмірдегі белсенді еңбегі үшін

тифлопедагог-оңалтушы В.А. Высочинский мен кітапханашы Е.П.Абишева «Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысының филиал басқармасының Құрмет грамотасына ие болған.

Ұжымда еңбек және өндірістік тәртіпті бұзушылар болмады. Барлық қызметкерлер лауазымдық міндеттерін біледі және орындайды.

*Қ. Сыдиықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы Көзі көрмейтін және нашар көретін жандарға арналған филиалында* мамандар өз біліктілігін жетілдіру мақсатында, кітапхана саласы, соның ішінде көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтармен жұмыс жайында үнемі ақпарат беттерімен, басылым материалдарымен, интернет беттеріндегі мақалалармен танысып отырады. Сондай-ақ, филиал қызметкерлері өз жұмыстарына қажетті материалдардан папкалар жасақтап отырады. Мәселен, «Кітапханашыларға» деп аталатын папкада кітапхана қызметіне қажетті материалдар, жұмысқа қажетті деп саналатын мақалалар жинақталса, көзі көрмейтін және нашар көретін жандар үшін қоғамда және әлемде болып жатқан маңызды ақпараттар, заңнамалар мен нормативтік-құқықтық актілер, жаңалықтарды жинақтайтын «Зағип жандар үшін пайдалы ақпараттар» тақырыбында папкалар жасақталып, одан әрі толықтырылып отырылған.

2020 жылдың бөлім басшысы Б. Кушенова және кітапханашы Г. Үйсінбаева Павлодар облыстық көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтары ұйымдастырған «Общедоступная специальная библиотека- организатор информационного пространства для людей сограниченными возможностями здоровья. Спецбиблиотеки и новые формат работы» тақырыбында ZOOM желісінде өткен онлайн семинарға қатысып, сертификатқа ие болған. Сондай-ақ, Павлодар облыстық көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтары ұйымдастырған «Біз тұратын өлке» республикалық байқауына белсенді қатысып, «Маңғыстау

жайлы жалпы деректер және Бекет ата Мырзағұлұлы, оның Оғыландыдағы мешітінің сәулеттік құрылымы» тақырыбында аудио-видео материал, ұлғайтылған жайпақ баспа және нүктелі-бедерлі қаріпте, бедерлі графикалық форматта материал жолдап, 1-ші орын иеленген.

*Павлодар облыстық көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы* арнайы кітапхана ісіндегі кең ауқымды мәселелерді шешетін семинарлар, кеңестерге қатысқан. 2020 жылы директор кеңесі - 8, әдістемелік кеңестер - 8, әдістемелік сағаттар - 8 рет өткізілген.

*«Семей қаласының зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы» КММ Семей қаласының «Орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ұйымдастырған «Қазақстанның киелі географиясы» арнайы жобасы аясында «Үздік библиогид» қалалық байқауына қатысып 3-орынды иемденген. Кітапхананың жас маманы Б.Бейсембекова «Ұлылардың мекені – Жидебай» жұмысын қорғаған, «ЗНКААРК» РММ ұйымдастырған, ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «Жастар және Абайдың рухани мұрасы» атты жас кітапханашылардың II Слетінде Абайдың Крыловтан аударған мысалдары туралы «Жұрт біледі, күледі» атты баяндамасын оқып, сертификат иемденген болатын. Қарағанды облысының арнайы кітапханасы ұйымдастырған ҚР Ассамблеясының 25 жылдығына орай «Қазақстан – татулық пен бірлік мекені» тақырыбындағы үздік тактильді кітап шығарудан республикалық байқауына кітапханашылар қатысып, халық ертегісі «Ақымақ қасқыр» тактильді кітабы ұсынылған.*

Арнаулы кітапхана қызметіне сіңірген еңбегі үшін кітапхана директоры Бахытжамал Шайзадқызы «Қазақстан Кітапханалық Одақ» Занды тұлғалар бірлестігінің атынан «Кітапхана ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған.

*Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасының*

қызметкерлері Е. Бакиев пен М. Ермаханова ағымдағы жылы «Қазақстанның Алтын кітабы» топтамасына енген. Әріптестеріміздің Республикалық деңгейдегі маңызды кітапқа екінші рет енуі. 2018 жылы Қазақстанның КИИЭС рекордттар кітабына енген болатын. Кітапхананың ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімінің жоғары дәрежелі әдіскері Г. Ақшораеваның карантин кезеңіндегі онлайн режимінде атқарған еңбегі еленіп «Халық Құрметі» төсбелгісімен марапатталған. Қызмет көрсету бөлімінің жоғары дәрежелі кітапханашысы О. Русинова ҚР Президенті атынан «Қазақстан Конституциясына 25 жыл» мерекелік төсбелгісімен марапатталды. Қызмет көрсету бөлімінің жоғары дәрежелі кітапханашысы С. Сейтқазиева, Қазақстандық Кітапханалық Одағы атынан «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгісін иеленген.

«Брайль кітаптарын шығару» бөлімі Республикалық «Ұлы ақын Абайдың 175 жылдығына» орай нүктелі-бедерлі қаріпте кітап шығару бойынша өткен байқауда I орынға ие болып «ЗНКААРК» РММ директоры атынан Құрмет грамотасымен және қаржылай сыйлықпен марапатталған болатын.

*«Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ* кітапханашы мамандары 2020 жылдың 20 сәуірінде ЖСҚ МСОК дауыстық порталында «Зағип жандарды Apple компаниясының компьютерлерімен таныстыру» тақырыбында вебинарға қатысқан. Вебинарда Apple компьютерлерінің қандай модельдері бар және олардың бір-бірінен айырмашылығы неде? Компьютерді сатып алғаннан кейін, көретін азаматтардың көмегіңіз бірден икемдеуге болады ма? Windows және Mac OS операциялық жүйелері арасында қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар?, т.б. мәселелер қарастырылған. Сондай-ақ, кітапхана тифлологтары Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің студенттеріне дыбысты таяқты жобалау бойынша кеңес беріліп, «ЖІГЕР» мүмкіндігі шектеулі жастар

қоғамымен бірлесе отырып зағип жандарға арналған жаңа таяқтың алғашқы үлгісіне тест жүргізілген. Ағымдағы жылы Magnum Cash and Carry супермаркетінің 15 қызметкеріне «Саусақ ұшындағы әлем» іскерлік ойыны өткізілді.

«ЗНКААРК» РММ ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «Жастар және Абайдың рухани мұрасы» атты жас кітапханашылардың II Слетін ұйымдастырып, кітапхана маманы Ш. Отарбай арнайы дайындаған баяндамасын оқыды. Сонымен қатар, кітапханашы мамандар Кузбасс арнайы кітапханасының 60 жылдығына арналған «Специальная библиотека XXI века - взгляд из региона» атты екі күндік ғылыми-практикалық онлайн конференциясына атсалысып, «Дистанционный формат информационного обслуживания с учетом современных тенденции и потребностей пользователей спецбиблиотеки» тақырыбында баяндама жасады. Новосібір облыстық көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған кітапханасының құрылғанына 55 жыл толуына орай «Сектораралық өзара әрекеттестік векторындағы қолжетімді орта сапасы» атты Халықаралық ассистивті қызметтер мектебінің ZOOM платформасында өткізілген кезекті семинарына қатысты. Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған ақпараттық кеңістікті ұйымдастырушы-көпшілікке қолжетімді арнайы кітапхана. Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған Павлодар облыстық арнайы кітапханасының 50 жылдығына және Валентин Гаюидің 275 жылдығына арналған «Арнайы кітапхана және жаңа жұмыс нысандары» халықаралық семинарына қатысты. Кітапхана директоры және кітапханашы Ж. Қосмырза 29-30 қазан аралығында Қарағанды облыстық арнайы кітапханасында іс-сапарда болып, кітапханалық-ақпараттық тәжірибе алмасып келген. Сондай-ақ, кітапхана директоры мен кітапхана ісін дамыту, библиография және тифлология бөлімінің меңгерушісі А.Рахимжанова Ұлттық кітапхананың 110 жылдығын атап

өтуіне байланысты өткізілген «Қазақстандық Кітапханалық Одақтың» отырысына қатысты.

«ЗНКААРК» РММ оқырмандарды кітап оқуға тартудағы тиімді кітапханалық жұмыс түрлерін жетілдіру барысында жұмыстар жүргізіп келеді. Кәсіби шеберлік деңгейін көтеру, тәжірибе алмасу, әдістемелік көмек көрсету мақсатында кітапханада ай сайын төмендегідей тақырыптарда білім жетілдіру сабақтары өткізілген. Олар: «Blaze ET» аппаратының мүмкіндіктерімен таныстыру, кәсіби журналдарға шолу, «ҚР-ның ақпарат, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі» бойынша 1-сабақ, 2-сабақ, 3-сабақ.

Қорыта айтар болсақ, арнаулы кітапханалар кітапханалық қызметті сапалы көрсетуді және заманауи әдіс-тәсілдерді меңгеруді қамтамасыз ету мақсатында кітапханашылардың білімі мен біліктілігін арттыруды жолға қойған. Әлеуметтік сауықтыру, ақпарат тарату және өзара қарым-қатынасты нығайту, зағип азаматтарға интеграциялық қызмет көрсетудің тиімді және жан-жақты жолдарын дамыту, жаңа технологияларды қолданысқа енгізу, мүмкіндігі шектеулі жандардың ақпарат желісіндегі мүмкіндіктерін арттыру, кітапхана қорын арнайы әдебиеттермен толықтырудағы жаңа мүмкіндіктер, арнаулы кітапханаларға арналған автоматтандырылған жүйені одан әрі дамыту жұмыстары жалғасын табуда.

### **Республиканың арнаулы кітапханаларындағы кітап оқуды дамыту шаралары**

Қазақстанның бәсекеге қабілетті, қуатты мемлекет болып қалыптасуын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі және оның дамуының өзегі кітапханалар болып табылады. Осыған орай Елбасы Н. Ә. Назарбаев: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған елдердің қатарына жеткізетін,

терезесін тең ететін – білім» екенін айта келіп, ол үшін «Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет», – деп оқытуды жетілдіру мәселесін алға қойған болатын.

Осы орайда, зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханалар ерекше санаттағы оқырмандарды кітапшен қамту мақсатында тактильді кітаптар, нүктелі-бедерлі және дыбыстандырылған кітаптарды шығарады.

*Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы* зағип және көру қабілеті нашар балаларды тактильді кітаптармен қамтамасыз ету мақсатында көптеген тактильді кітаптарды жасап шығарған (библиограф Қ. Балтабаева). Солардың бірі «Бауырсақ», «Детский мир» т.б. тактильді кітаптары. Әр тактильді кітаптар фетр матасынан, жылтыр моншақты бисерлерден жасақталған. Бұл зағип балалардың сипап сезу қабілетін арттыруға арналады. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес салауатты өмір салтының ұғымдарын, дағдыларын қалыптастыру үшін «Салауаттылықты өзімізден бастайық» тақырыбында әдебиеттердің ұсыныс тізімі жасақталған. 23 қараша - Дүниежүзілік ақпарат күні қарсаңында «Кітапханадағы ақпарат ағыны» атты библиографиялық көрсеткіш нүктелі-бедерлі қаріпте басып шығарылған. «Сұраңыз, жауап береміз» библиографиялық (тақырыптық, өлкетану) анықтама және өлкетану құжаттары қорын қалыптастыру, өлкетану әдебиеттерін насихаттау мақсатында «Ақтөбем – құтты мекен» атты өлкетану картотекасы жасалған. Картотекаға Ақтөбе өңіріне белгілі қоғам қайраткерлері мен ақын-жазушылар туралы, өлке тарихы туралы баспасөз беттерінде жарияланған мақалалар бойынша библиографиялық жазбалар кірістірілген. Кітапханаға келетін баспасөз беттеріне жарияланған денсаулық төңірегіндегі мақала, зерттеулермен «Көз жанарыңды жасыңнан сақтай біл» денсаулық картотекасы жасалған. «Саяси, тарихи және мәдени маңызы



бар оқиғалар» тақырыбында пресс-досье жинақталған. Ауызша-жазбаша анықтамалар уақытында орындалып отырылды. Кітапхана шығарған библиографиялық құралдар саны – 22, оның ішінде тақырыптық - 18, нүктелі-бедерлі қаріпте – 4.

*Ғ. Сланов атындағы Атырау облыстық ғылыми амбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы бөлімі* Абай тағлымын зағип жандар арасында кеңінен дәріптеу мақсатында зағип жандарға қолжетімді болу үшін «Абай шығармалары жинағын» және «Қара сөздері» нүктелі-бедерлі қаріпте басып шығарған. ҚР рәміздері күніне орай ҚР Рәміздерінің сипаттамасы нүктелі-бедерлі қаріпте кітап етіп басылып шығып, оқырмандарға ұсынылған.

*«Шығыс Қазақстан облыстық зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы» КММ* облыстағы барлық зағип жандарға қызмет көрсететін кітапханаларға инновациялық-әдістемелік, ақпараттық қызмет көрсету функциясын атқарып келеді және өз тәжірибесімен үнемі бөлісуде.

Кітапханада зағип жандарға арналған заманауи бейнедегі арнаулы кітапхананы құру ісінде баспа ісі ерекше орынға ие, 2020 жылы басылып шығарылған құралдар келесідей: Абай Құнанбаев «Жыл мезгілі» тактильді кітабы, «Өлең - сөздің патшасы» өлеңдер жинағы; Алия Беркимбаева «Сказки деда Даута» (дыбыстандырылған кітап); Аделия Амраева «Футбольное поле»; Алдияр Аубакиров «Красная корова» өлеңдер жинағы; Габит Мусрепов «Солдат из Казахстана» ҰОС 75 жылдығына арналған; «Қазақ халық ертегілері» (ертегілер жинағы); «Красивая цифра любимого города!» Өскемен қаласының 300 жылдығына; Михаил Пришвин «Рассказы о природе»; Михаил Самарский «Зов памяти», «Радуга для друга»; Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы; Николай Веревошкин «Зуб мамонта»; Тоня Шипулина «Божья коровка Биби и Бобо»; «Легенды и

сказания Восточного Казахстана»; Сапарғали Бегалин «Балалар әдебиетінің бағбаны» жазушының 125 жылдығына арналған.

*Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасының* Мемлекет басшысы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты жолдауын 12 дана қазақ тілінде, 12 дана орыс тілінде нүктелі-бедерлі қаріпте мүмкіншілігі шектеулі жандарды қоғамға бейімдеу, қазіргі елімізде болып жатқан өзгерістерден хабардар ету мақсатында басып шығарып, аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіндегі «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған» бөлімдерге таратып берген.

Жыл ішінде мақалалар жүйелі картотекасына 222 мақала құйылған, оның ішінде «Тифлология» картотекасына (даму мүмкіндігі шектеулі, көру, есту қабілеті төмен балалар) 15 карточка жазылған. Жыл бойы алфавиттік және жүйелі каталогтары мен картотекалары редакцияланып, жаңа материалдармен толықтырылуда. Кітапханалық библиографиялық жұмысты насихаттау бойынша жаңа түскен кітаптарға «Жаңа әдебиеттер» атты 2 ұсыныстық тізім жасалынған. Жалпы оқырмандар сұранысы бойынша тақырыптық - 50, анықтамалық - 13, мекендік - 13, фактографиялық - 9 анықтамалар орындалды.

*Батыс Қазақстан облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасы* жыл ішінде түрлі тақырыпты қамтитын 5 әдістемелік және ұсыныстық құралдар шығарған. Олар: ақын Абай Құнанбаевтың 175 жыл толуына орай «Ұлы халықтың - Ұлы Абайы» әдістемелік құралы, Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай өлкенің әуесқой зағип ақыны Илья Мартыновтың «И дружба победила в той войне» өлеңдер жинағы, «Тифлология бойынша аталып өтілетін және еске алынатын күндерінің тізбегі 2021 жыл» күнтізбесі, «Үміт пен сенімді серік еткен» мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалаларға библиодайджест және «Жаңа кітаптар» ақпараттық бюллетені.

Зағип және нашар көретін азаматтарға ақпарат алуда қолайлы түрде қызмет көрсету мақсатында ақпараттық материалдар топтамасы мен шағын кітапшалар нүктелі-бедерлі қаріпте 5 дана шығарылған. Оның ішінде, Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл толуына орай ақынның «Қара сөздері»; «Қазақтың ұлттық аспаптары»; «Ж.Молдағалиев өлеңдер жинағы»; ҚР Ассамблеясының 25 жылдығына «Через сказки к миру и согласию» тактильді кітабы бар.

Мүмкіндігі шектеулі жандарға қызмет көрсететін арнайы мамандар мен тифлопедагогтар үшін төмендегідей бағытта тақырыптық папкалар жинақталды:

- «Зағип балаларды тәрбиелеуге көмек»;
- «Зағип ақындар мен жазушылар»;
- «Тифлопедагогтарға кеңес»;
- «Өмірге құштар жандар» және т. б.

Зағип оқырмандардың ақпараттық қажеттіліктерін толықтай қанағаттандыруда нүктелі-бедерлі қаріпте тоқсан сайын «Луч» ақпараттық газеті, қыз-келіншектерге арналған «Әдемі-ай» және балаларға арналған «Балбұлақ» журналдары шығарылып отырылған.

*Қарағанды облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасының* есеп беру жылында еліміздегі атаулы күндер мен мерейтой иелеріне арналған 8 әдістемелік-библиографиялық құрал дайындап шығарған.

Оқырмандар назарына нүктелі-бедерлі қаріпте шыққан басылымдар ұсынылды:

- 1) Абай. «Қара сөздері»;
- 2) Абай. «Слова назидания»;
- 3) Ш. Айтматов. «Жәмила»;
- 4) С. Ақсұңқарұлы. Шығармалары;
- 5) А. Алтай. «Казино»;
- 6) О. Бөкей. «Қасқыр ұлыған түнде»;
- 7) М. Жұмабаев. «Шолпанның күнәсі»;

- 8) Қ. Жұмаділов. «Ақынның ақырғы күні»;
- 9) А. Кемелбаева. «Көкқия»;
- 10) М. Мағауин. «Әйел махаббаты»;
- 11) М. Мағауин. «Бір атаның балалары»;
- 12) К. Тоқаев. «Солдат қабірінің басында»;
- 13) Әбу Насыр әл-Фараби. «Бақытқа жету

жайында».

Сондай-ақ, жаңа әдебиеттердің түсімі бойынша 12 ақпараттық бюллетеньдер шығарылған: «Жаңа кітаптар» (жайпақ баспа қаріпті) ақпараттық тізім – 8, қазақ тілінде – 4, орыс тілінде – 4. «Жаңа кітаптар» (нүктелі-бедерлі қаріпте) ақпараттық тізім - 3, қазақ тілінде – 1, орыс тілінде – 2. Электрондық ресурс – 1, орыс тілінде – 1; Кітапхана туралы жадынамалар, жарнамалық парақшалар мерейтойлар мен атаулы күндерге арналды: «Абай – 175», «Қазақстан халқы Ассамблеясы – 25», «Қазақстан Республикасының Конституциясына 25 жыл», «Жазғы параолимпиада ойындары – 2020», «Ұлы Жеңіс – 75», «Әбу Насыр әл-Фараби - 1150».

*Қызылорда облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасының* кітапхана бойынша бойынша 2020 жылғы өткізілген айтулы мерекелерге байланысты Алтын Орда хандығына 750 жыл толуына орай «Ұлытау – ұлтымыздың алтын бесігі», «Әбу Насыр әл-Фараби» атты Шығыстың ғұлама ғалымы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай, Ұлы Жеңіске 75 жыл толуына орай «Ұрпағы ұлықтаған Ұлы Жеңіс», «Азат елдің ар намысы – Ата Заң» атты Қазақстан Республикасының 25 жылдығына, «Ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға» атты әдістемелік көмекші құралдар шығарып, кітапхана сөрелеріне қойған. 2020 жылы 8 кітап дыбыстандырылып оқырмандарға ұсынылса, алдағы жылы 12 жайпақ баспа қаріпті әдебиетті дыбыстандыруды жоспарлап отыр.

*Л. Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы зағип және нашар көретін азаматтарға арналған бөлімінде ағымдық библиографиялық*

басылымдардан «Облыс тынысы» 10 дана нүктелі-бедерлі қаріпте, әдебиеттің ретроспективті библиографиялық көрсеткіші: «Бір ел – бір кітап» акциясына арналған – 1 жайпақ баспа қаріпте басып шығарылған.

Шағын көлемді библиографиялық құралдар шығарылған. Олар: «Қазақстанның әйгілі әйелдері» нүктелі-бедерлі қаріпті басылымы, «Жылама, қорықпа, үндемей отырма», «Денсаулық мәртебесі», «Туристке табиғатты қорғау туралы» - жайпақ баспа қаріпті бүктемелері. Сонымен қатар «Коронавирус туралы» 9 жадынама шығарылған.

*Қ. Сыдықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған филиалында ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» және «Абай - рухани реформатор» мақалалары нүктелі-бедерлі қаріпте басылып шыққан.*

2020 жылдан бастап нүктелі-бедерлі қаріпте, қазақ және орыс тілдерінде «Сәуле-Луч» журналын шығару қолға алынған. Журнал 5 айдардан тұрады. Аталмыш журнал кітапхана оқырмандары арасында сұранысқа ие болды.

*Павлодар облыстық көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы ағымдағы жылы 4 өлкетану басылымдарын, 1 библиографиялық көрсеткіш және 9 ұсынымдық көрсеткіш түрін басып шығарған. «Живое слово о победе» атты аудиокітап шыққан. Республикалық «Брайль қарпіндегі үздік кітап» байқауына қатысу үшін «Кеңес Одағының батыры М. Қайырбаев туралы естеліктер» кітабы нүктелі-бедерлі қаріпте жарық көрген. «Әдеби өлкетану» жобасы аясында зағип ақын И. Неустроеваның «Буранные корабли» өлеңдер жинағы шығарылған (нүктелі-бедерлі қаріпте). Жыл сайынғы «Біз тұратын өлке» нұсқаулығы әр түрлі форматта және аудио түрінде де шығарылған.*

*Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасында «Жаңа*

кітаптар әлемінде» ақпараттық тізімдері шығарылды: нүктелі-бедерлі қаріпті әдебиеттердің және дыбыстандырылған кітаптардың жылдық тізімдері, «Оқуға асығыңыздар!» атты 2020 жылы түскен мерзімді басылымдардың жыл бойғы тізімдері жасалған.

Қазақ және орыс тілдерінде библиографиялық көрсеткіштер дайындалып шығарылды: «Дала тарихының дауылпазы» - Илияс Есенберлиннің туғанына 105 жыл, «Батыр, Қаһарман, Қаламгер» Бауыржан Момышұлының туғанына 110 жыл, «Адамзаттың перзенті – ұлы Абай» Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл. Әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толуына орай «Шығыстың ғұлама ғалымы» әдістемелік библиографиялық құралы шығарылған.

Библиографиялық ұсыныстық тізімдер:

- «Алаштың абызы, қадірлі қаламгер» - Мархабат Байғұттың туғанына 75 жыл;

- «Қазақ әнінің патшасы» - Шәмші Қалдаяқовтың туғанына 90 жыл;

- «Ұлттар достығы өнеге, халықтар достығы үлгі болған Қазақстан» - Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 25 жыл;

- Тифлология бойынша I-IV тоқсанға ұсынылатын әдебиеттер тізімі жасалған (мерзімді басылым материалдарынан).

*«Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ-де 2020 жылы жайпақ баспа қаріпте шығарылған басылымдар:*

1. Зағип ақын Г. К. Коробованың «Река жизни» өлеңдер жинағы, «Дороги в поэзию» сериясы бойынша, 36-шығарылым;

2. «Книга-Чтение-Читатель» ақпараттық бюллетені;

3. Республикалық, облыстық, қалалық арнаулы кітапханалардың 2019 жылғы жұмысына аналитикалық, статистикалық шолу;

4. «2021 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндердің тізбегі»;

5. «Кітапханашы – шығармашылық маманы» – «Библиотекарь – профессия творческая» - арнайы кітапханаларда өткізген іс-шаралардың сценарийлер жинағы топтастырылып шығарылған;

6. «Ұлылардың ұлысы – Абай» - Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай библиографиялық көрсеткіші;

7. «Инвалиды: проблемы и решения» - 2020 ақпараттық бюллетень;

8. «Ваш логман в море информации» ақпараттық бюллетень.

Ал, жоспарлы түрде нүктелі-бедерлі қаріпте басылған басылымдар: Айтматов Ш., Шаханов М. «Плач охотника над пропостью», 7 кітаптан, 3 дана орыс тілінде; Абай Құнанбаев «Өлендер мен аудармалар», 1 кітаптан, 3 дана; Мұхтар Әуезов «Путь Абая», 1 том, 9 кітап, 3 дана орыс тілінде; Мұхтар Әуезов «Абай жолы», кітап - 2, 9 кітап, 3 дана қазақ тілінде.

Жоспардан тыс нүктелі-бедерлі қаріпте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және Қазақстан ХХІ ғасырда», орыс тілінде 5 дана және 2020 жыл 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы 5 дана етіп шығарылған.

Жалпы барлық арнаулы кітапханаларда жыл көлемінде басылымдар шығарылып отырылған. Оқырмандар сұраныстарына орай түрлі тақырыпта нүктелі-бедерлі қаріпте басылымдар, әдістемелік құралдар, бюллетеньдер, сондай-ақ, дыбыстандырылған әдебиеттер жарық көрген.

### **Кітапханалық процестерді автоматтандыру Жаңа ақпараттық технологияларды енгізу**

*Ақтөбе облыстық загіптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасында электронды «ААЖ-ҚР АҚ» - «Автоматтандырылған ақпараттық жүйе - Қазақстан Республикасының арнаулы кітапханалары» бағдарламасы жұмыс жасайды. Сонымен қатар, арнаулы кітапханада: 11*

компьютер (4 компьютер, 1 мүмкіндігі шектеулі оқырмандарға арналған тифлокешен, 4 моноблок, 2 ноутбук), 1 тифлофлешплеер, 7 принтер, 5 көпфункционалды (МФУ) құрылғы бар. Кітапханада aktobe-spesbiblioteka.kz веб-сайты, aktobe.spesbiblioteka парақшалары ашылып, әлеуметтік желілерде кітапхана жұмысы жарнамаланған.

*Ғ. Сланов атындағы Атырау облыстық ғылыми амбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы бөлімі «ААЖ-ҚР АК» - «Автоматтандырылған ақпараттық жүйе - Қазақстан Республикасының арнаулы кітапханалары» бағдарламасы бойынша кітаптарды электрондық жүйеге енгізу бағытында үзбей жұмыс жасап келеді. Кітапханада зағип жандарға арналған дыбыстандырылған DBT бағдарламасымен компьютер және дисплей, принтермен жабдықталған. Осы компьютер арқылы ақпараттық материалдар, шағын кітапшалар нүктелі-бедерлі қаріпте шығарылған.*

*С. Сейфуллин атындағы Алматы облыстық кітапханасы зағип және нашар көретін азаматтарға арналған бөлімі уақыт талабына сай кітапханалық процесстерді автоматтандыру жұмысын ұдайы жетілдіріп келеді. «ААЖ-ҚР АК» - «Автоматтандырылған ақпараттық жүйе - Қазақстан Республикасының арнаулы кітапханалары» бағдарламасы 2011 жылдан бастап 2 компьютерде орналасқан. Электрондық каталогқа қазірге дейін 14477 дана кітап енгізілген. Бұл мамандардың электрондық инфроқұрылымдармен өз бетінше жұмыс жүргізулеріне еркін мүмкіндік береді.*

*«Шығыс Қазақстан облыстық зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасында 2020 жылы электронды құжатты жеткізу және кітапты цифрлау болмаған. www.vkosbnsq.kz сайты және әлеуметтік желілері жұмыс істейді.*

*Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасының ақпараттық-библиографиялық*



қызмет көрсетуі кітапхананың библиографиялық жұмысындағы жетекші бағыттардың бірі. Жалпы арнаулы кітапхана жыл ішінде мына бағыттар бойынша жұмыс жасады:

- анықтама-библиографиялық қызмет көрсету (анықтамаларды орындау: тақырыптық, мекенжайлық, фактографиялық, статистикалық және т.б.);

- кітапхананың анықтамалық-библиографиялық аппаратын жүргізу;

- КАТСТАТ тармағына мақалалар құю;

- виртуалды анықтамалық қызмет көрсету және т.б.

*Батыс Қазақстан облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасына «ААЖ-ҚР АҚ» - «Автоматтандырылған ақпараттық жүйе - Қазақстан Республикасының арнаулы кітапханалары» бағдарламасы бойынша жаңа нұсқа енгізіліп, нүктелі-бедерлі және жайпақ баспа қарпінде әдебиеттер мен электронды құжаттар әмбебап оңдық жіктеу (ӘОЖ) бойынша енгізілген.*

БҚО арнаулы кітапханасында «Цифрлы Қазақстан - 2020» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жұмыстар жүргізілуде. Құжаттарды цифрландыру кезінде «Астра» катушечный магнитофонын қолдана отырып, магнитофонды компьютерге қосып «Adobe audition» бағдарламасының көмегімен жазылады. Одан әрі сақтау үшін құжаттарды MP3 форматына айналдырып, CD-дискіге көшіріледі. ҚР «Авторлық және сабақтас құқықтар туралы» Заңына сәйкес әдебиеттердің цифрлық нұсқасын жасау үшін авторлармен немесе олардың мұрагерлерімен келісімшарт жасау қажет. Қазіргі таңда өлкенің ақын-жазушыларының шығармаларын цифрландыруда 20 жерлес авторлармен келісімшарттар жасалған.

Кітапхананың библиографиялық жұмыс барысы «ААЖ-ҚР АҚ» - «Автоматтандырылған ақпараттық жүйе - Қазақстан Республикасының арнаулы кітапханалары» бағдарламасы бойынша жүргізіліп келеді.

*Қарағанды облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы* электрондық сатып алулар веб-порталын ретке келтірген, кітапхананың электрондық бағдарламаларын жаңартумен айналысқан, «ААЖ-ҚР АҚ» - «Автоматтандырылған ақпараттық жүйе - Қазақстан Республикасының арнаулы кітапханалары» бағдарламасы бойынша жұмысты жалғастырып, өлкетану және тифлология бойынша мақалаларды цифрлауға белсенді қатысқан.

Интернетке кіру үшін бюджеттен қаржы бөлінген. Қазақтелеком-Megaline, ID PHONE желісі, Модем – TP-Link, TD-W8961N, қосылу жылдамдығы 4 мбит.

*Қызылорда облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасының* кітап қоры электронды түрде сақтау жұмысы 2010 жылдан қолға алынып «ААЖ-ҚР АҚ» - «Автоматтандырылған ақпараттық жүйе - Қазақстан Республикасының арнаулы кітапханалары» бағдарламасы бойынша жұмыстары жүргізіліп келеді. 2017 жылдың мамыр айынан кітапхана жанынан ашылған Дыбыс жазу студиясы да өз жұмысын атқаруда.

*Л. Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы зағип және нашар көретін азаматтарға арналған бөлімінде* ағымдағы жылы «ААЖ-ҚР АҚ» - «Автоматтандырылған ақпараттық жүйе - Қазақстан Республикасының арнаулы кітапханалары» бағдарламасында жіберілген электронды жазбалар саны 13608-ге жеткен, олардың 5866-ы газет-журналдардың мақалаларына арналған библиографиялық жазбалар болса, 2537-і кітаптардың атауына және 5205-і кітап қорына қатысты жазбалар болған. Жаңадан 354 жазба тіркелген.

Кітапхана 2019 жылғы автоматтандырылған электронды каталогты толықтыру жұмыстарын жалғастыруда. 2009 жылдан кітапхана «ААЖ-ҚР АҚ» - «Автоматтандырылған ақпараттық жүйе - Қазақстан Республикасының арнаулы

кітапханалары» бағдарламасы бойынша жұмыс істейді. «Каталогтаушы» модулі жемісті игерілген.

Кітапхана сайты kstspecbib.kz жұмыс істеп тұр және сұранысқа ие. Стандартты сайттармен салыстырғанда зағип және нашар көретін пайдаланушыларға арналған дыбыстандырылған нұсқалары бар. Сайтқа жаңа материалдар орналастыру жөніндегі жұмыстар тұрақты жүргізіліп отырылған. Сайтты жасаған SmartSite компаниясы оның жұмысын қадағалап отырады.

*Қ. Сыдиықов атындағы Маңғыстау облыстық амбебап кітапханасы Көзі көрмейтін және нашар көретін жандарға арналған филиалында 2 компьютер жұмыс жасап тұр және ғаламтор жүйесіне қосылған. Сонымен қатар, кітапхана Брайльша дисплей, Оқитын машина «Книгалюб», Ұлғайтқыш құрал, Оқитын машина «SARA CE», Брайль принтері «EVEREST DV 4», «ClearReader+» сканерлі оқитын машина, 2 магнитола, 1 музыкалық орталық, 1 телефон сияқты тифло және кеңсе техникалармен қамтылған. «ААЖ-ҚР АҚ» - «Автоматтандырылған ақпараттық жүйе - Қазақстан Республикасының арнаулы кітапханалары» бағдарламасы бойынша электрондық каталогқа енгізу жұмыстарында ақаулар болуына байланысты ағымдағы жылы жұмыстар біраз тоқтап қалған. Алайда, жыл соңына қарай, бағдарлама қызметі қалыпқа келтіріліп, кітапханаға келген жаңа әдебиеттерді енгізу жұмыстары қайта жанданған.*

*Петропавл қаласының зағиптар мен нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасында барлық кітапханалық процестерді автоматтандырумен, электронды каталогтарды құрумен, әлеуметтік желілер жұмысымен арнаулы кітапхананың меңгерушісі мен оқу залының кітапханашысы айналысады. Жыл көлемінде «ААЖ-ҚР АҚ» - «Автоматтандырылған ақпараттық жүйе - Қазақстан Республикасының арнаулы кітапханалары» бағдарламасы бойынша жұмыстар атқарылған. Арнаулы кітапханада*

жергілікті желі орналастырылмаған. Ал ғаламтор желісіне 2013-жылдан бастап қосылған.

*«Семей қаласының зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы» КММ 2015 жылдан бастап «ААЖ-ҚР АҚ» - «Автоматтандырылған ақпараттық жүйе - Қазақстан Республикасының арнаулы кітапханалары» бағдарламасымен жұмыс істеп келеді. Автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы кітапхана жұмысы бір саты болсын алға басып, әдебиеттерді тіркеп, оны өңдеу процесстері жеңілдетілген. Өкінішке орай, кітапханада кітаптарды көшіретін арнайы сканер жоқ.*

Арнаулы кітапханада Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қолдауымен The Duxbury Translator 11 бағдарламасы сатып алынған. Бұл бағдарлама Брайль кітабын шығаруға мүмкіндік береді. 2017 жылдан бері жеке оңалту бағдарламасы бойынша мүмкіндігі шектеулі жандарға сурдо және тифлоқұралдар қарастырылған. Үкімет тарапынан қолжетімді экран бағдарламасы орнатылған ноутбук және дыбыстандырылған бағдарлама қойылған смартфондармен қамтамасыз етілген. 2020 жылы дүниежүзі бойынша көше және мұражай аудиогидтерінің ең ірі платформаларының бірі – *izi.TRAVEL* қосымшасы қолданысқа енгізілген. Бүгінгі таңда 100-ден астам ел осы жобаның қатысушылары болып табылады. 55 тілде 15000 аудиогид бар, оның ішіне Қазақстанның 9 қаласы кіреді екен. Бұл қосымшаны зағип және нашар көретін азаматтар да пайдалана алады.

*Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасында* заманауи технологиялармен қамту жұмыстары белсенді жалғастырып келеді.

Жалпы арнайы кітапханаларға арналған «КАБИС» (Қазақ автоматтандырылған ақпараттық-кітапханалық жүйесі) бағдарламасымен жұмыс жүргізілуде. «КАБИС» бағдарламасы бойынша жыл бойы барлық басылымдар түрінің 845 дана карточкалары іріктеліп тізімделген.

Mozilla Firefox 3.5.3; Webvisum бағдарламалары бойынша Skype 3.8 қондырылып әлсіз көретін оқырмандар үшін mail.ru агент бағдарламасы жөнге келтірілген. JAWS және VIRGO дыбысты бағдарламасы жұмысын атқарып келеді. MAX READER бағдарламасында кітаптар, мәтінді құжаттар дыбыстандырылып, аудиофайлға жазылған. Ал NERO бағдарламасында дискіге мәліметтер жазылып, оқырмандардың жас ерекшеліктеріне қарай кітапханалық қызметтің түрлі әдістері мен тәсілдері қолданылған.

Электронды каталог бойынша жыл көлемінде жайпақ баспа қаріпті әдебиеттер - 1675; нүктелі-бедерлі қаріпті әдебиеттер - 520; CD – 276, мерзімді басылымдардан - 845 карточкалар құйылған.

*«Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ* жұмысына техникалық қолдау көрсету барысында 2 компьютерді жаңарту (компьютердің жеке компоненттерін неғұрлым жетілдірілген немесе тезірек жұмыс істеуіне арналған құрамдас бөліктерін ауыстыру), ай сайынғы кітапхана серверінің операциялық жүйесінің резервтік бейнесін құру, әкімшілік-шаруашылық, «Сөйлейтін» және Брайль кітаптарын шығаратын бөлімдерде компьютерлерге стандартты бағдарламалар орнату, кітапхана бөлімдерінің Интернетке қол жеткізуінде кездескен ақауларды жою, сонымен қатар, HP LaserJet 1020, Canon LBP-7018, HP LaserJet 1600, EPSON LX-300+II, EPSON LX-350, HP LaserJet P1006, МФУ hp 130, HP LaserJet 1102, HP LaserJet 1160 принтерлерінің картридждерін алмастыру секілді т.б. жұмыстар тұрақты жүргізілген.

Автоматтандыру және техникалық қолдау бөлімі «ААЖ-ҚР АҚ» («Автоматтандырылған ақпараттық жүйе - Қазақстан Республикасының арнаулы кітапханалары») бағдарламасы) дерекқорына желілік қол жетімділікті қамтамасыз еткен. Мәліметтер қорымен бөлісу үшін серверді орнату және конфигурациялау, сонымен қатар қызметкерлерді оқыту және мәліметтер базасына қол жеткізу бағдарламасын орнату

жүрізіліп, мәліметтер қоры оңтайландырылған және оның көлемі азайтылған.

Заманауи технологияны кітапхана ісіне енгізу және оны насихаттау, библиографиялық анықтамаларды орындауда, дыбыстандырылған кітаптарды көшіріп алуда, оқырмандардың сұраныстарын қанағаттардыруда ғаламторды кеңінен пайдалану арнаулы кітапханалар үшін басты міндетке айналған. Зағип және нашар көретін жандардың басқа азаматтармен тең құқылы түрде ақпараттық технологияны меңгеріп, білім алуы үшін арнаулы кітапханаларда барлық жағдайлар жасалынған. Зағип жандардың жаңа ақпараттық технологиялар қолдануда ақпарат алулары үшін кітапханаларда дыбыстандырылған Jaws for Windows немесе VIRGO бағдарламаларымен қамтылған автоматтандырылған жұмыс орны жасақталған. Арнайы кітапхананың зағип жандарды ақпаратпен қамтамасыз ету барысында оңалту технологияларын қолданудағы рөлі мен орны ерекше.

### **Арнаулы кітапханаларды автоматтандыру жағдайы**

<b>№</b>	<b>Арнаулы кітапханалар атауы</b>	<b>Компьютерлер саны</b>	<b>ААЖ-ҚР АҚ</b>	<b>Интернет</b>
1	Ақтөбе облыстық	11	1	1
2	Нұр-Сұлтан қалалық	7	-	1
3	Атырау ОӘФК арнаулы бөлімі	6	1	3
4	Алматы ОК арнаулы бөлімі	5	2	1
5	Шығыс Қазақстан облыстық	30	1	1
6	Жамбыл облыстық	23	1	1
7	Батыс Қазақстан облыстық	22	1	1
8	Қарағанды облыстық	23	1	2
9	Қызылорда облыстық	13	2	4
10	Қостанай ОӘФК арнаулы бөлімі	10	1	1
11	Көкшетау қалалық	3	1	1

12	Маңғыстау ОӘК филиалы	2	1	1
13	Павлодар облыстық	32	1	4
14	Петропавл қалалық	3	-	1
15	Семей қалалық	5	1	1
16	Шымкент қалалық	38	-	1
17	«ЗНКААРК» РММ	38	1	1
	<b>Барлығы</b>	<b>271</b>	<b>16</b>	<b>26</b>

### **Арнаулы кітапханалардың материалдық-техникалық базасы**

Материалдық-техникалық база – кітапханаларды бүгінгі күн талабына сай жабдықтау болып табылады. Кітапханалық-ақпараттық үрдістердің қалыпты жұмыс атқаруына кітапханалардың ғимараттары, оқырмандардың жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып ақпаратқа деген қажеттілігін қамтамасыз ете алу мүмкіндігі үлкен әсер етеді. Осы орайда еліміздегі арнаулы кітапханалардың материалдық-техникалық базасына назар салып көрейік:

*Ақтөбе облыстық загіптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы* үстіміздегі жылы құны 3 246 880 теңге болатын Everest-DV5 нүктелі-бедерлі қаріште шығаратын принтер, 164 640 теңгеге EtecGeste DTBP тифлофлешплеер, құны 87464,16 тг. матрицалық принтер, 12 666 теңгеге елтаңба, құны 16999 теңгеге штатив және 2 кішкентай елтаңба, 33000 теңгеге кітаптың шифрын (индекстерді, авторларды, алфавиттерді т.б) көрсетуге арналған бөлгіштер алған.

Кітапхана ғимаратының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін «Жедел сақшы» ЖШС және өрттің алдын алу шараларын қамтамасыз ету үшін «Прометей» ЖШС мекемелерінің қызметін пайдаланады. Қазіргі таңда кітапхана Ақтөбе қаласындағы ҚСҚ ғимаратын жалға алып отыр.

*Ғ. Сланов атындағы Атырау облыстық ғылыми амбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін*

*азаматтарға арналған арнаулы бөлімі* Атырау қаласындағы Қазақ Зағиптар қоғамы ғимаратының 200 шаршы метрін жалға алып отыр. Арнаулы бөлім компьютер, сканер, проектор, үлкейткіш аппарат, өзі оқитын машиналармен қамтамасыз етілген. Ғаламтор желісіне қосылған. Бір компьютер зағип жандарға арналған арнайы дисплейімен, интернетімен оқу залында көпшілікке пайдалануға қойылған. Қазіргі уақытта кітапхана жағдайы жақсы, күрделі жөндеуді талап етпейді. Жаңадан алынған штаттық бірліктер жоқ.

*«Шығыс Қазақстан облыстық зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы» КММ 2020 жылы энергоаудит нәтижесінде «ЖҚЖК – 2020» бағдарламасы бойынша «Восток ПВХ» ЖШС арқылы кітапхана ғимаратының терезелеріне ағымды жөндеу жұмыстарын жүргізген. «Казцинк» ЖШС демеушілік көмегі арқасында құрылыс материалдары сатып алынып, Өскемен қаласы Жұмыспен қамту орталығының қоғамдық қызметкері және кітапхана қызметкерлерінің күшімен ғимаратқа ағымды жөндеу жұмыстары жасалған.*

Mitsubishi RVR автокөлігі (1994 жылғы) жарамсыздығына байланысты есептен шығып [www.gosreestr.kz](http://www.gosreestr.kz) порталында электронды аукционмен сатылды. 2020 жылы кітапханаға Skoda Rapid (2014 жылғы) автокөлігі берілді.

Өкінішке орай, шешімін таппаған мәселелер де бар:

- кітапхананы тифлоқұралдармен қамту: нүктелі-бедерлі қаріпте басып шығаратын принтер, нүктелі-бедерлі қаріпте шығаратын портативті компьютер, дыбысты функциясы бар брайль жазу машинасы қажет;

- RFID-құралдардың жоқтығы (бұл көптеген мәселелерді шешеді: кітап қорының толық қауіпсіздігі және есебі, қысқа мерзімде түгендеме жүргізу және т.б.);

- қолданушыларға интеллектуальды демалыс орнын қосымша босатып, 90 %-ға дейін үнемдеуге көмектесетін мобильді жылжымалы стеллаждар сатып алу;



- халықаралық және ел ішіндегі іс-сапарлар, техникалық құралдарды жаңартуға (компьютерлер, плоттерлер және басқалар) қаржының аз бөлінуі.

*Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасына* 2020 жылы 1369,1 мың теңгеге түрлі-түсті принтер, тепловизор - 25,0, шаңсорғыш - 85; компьютер 4x1109,6; қол арба - 29,5 алынған.

Арнаулы кітапхана Тараз қаласындағы ҚСҚ-ның ғимаратын жалға алып отыр. «Қазақ соқырлар қоғамы» тарапынан ағымды жөндеу 2926,8 мың теңгеге жүргізіліп, ағымды жөндеу барысында екі зал ақталып, едендерге ламинат төселіп, сыртқы есік ауыстырылған.

*Батыс Қазақстан облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасы* 1997 жылдан бастап осы уақытқа дейін Қазақ соқырлар қоғамының «Орал оқу-өндірістік кәсіпорын» ЖШС ғимаратының 330,8 шаршы метрін жалға алып келеді.

Кітапхананың оқу залында орындар саны - 16. Ғимаратты газбен жылытады. Биылғы жылы ғимаратты жалға алуға - 3 млн 900,0 мың теңге, коммуналдық қызметке ақы төлеуге - 496,0 мың теңге, материалдық-техникалық базаны нығайтуға - 357 мың теңге (кітапханаға ноутбук, камера сатып алынды) жұмсалған.

*Қарағанды облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы* есепті кезеңде бюджет қаражатына барлығы 2 016,2 мың теңгеге жабдықтар сатып алынған. Олар:

- HP Laser 107a принтері - 2 дана - 91180,0 тг.
- Тартпалары бар газеттерге арналған сөре - 3 дана - 252999,99 тг.
- Көлбеу сөрелері бар көрме витраждары - 3 дана - 122000,0 тг.
- Екі жақты металл сөре - 17 дана - 856800,0 тг.
- Кеңсе орындығы, металл қаңқа - 30 дана - 240000,0 тг.

• Дөңгелекті негіздегі модульдік үстел - 6 дана - 292320,0 тг.

• Тактильді мнемосхема - 1 дана - 55000,0 тг.

• Kaspersky Internet Security антивирусы - 19 дана - 105950,08 тг.

*Қызылорда облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасы* жыл көлемінде құны 1671981,93 2-ге компьютер процессорін, ноутбук, кеңсе сканері А4, көшірмелі аппарат А3, факс аппараты, генератор ҚР Мемлекеттік елтаңбасы СТ РК 989-2014, 12 ҚР Мемлекеттік ту, цифрлы айналы фотокамера, музыкалық аппарат сатып алған.

*Л. Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы зағип және нашар көретін азаматтарға арналған бөлімі* есепті жылы бюджет қаражатынан бөлінген 22213,9 мың теңгені төмендегідей мақсаттарға жұмсаған:

- 16527,3 – еңбекақы, салық және басқа төлемдер;

- 459,8 – сақтандыру, кеңсе тауарлары, шаруашылық тауарлары;

- 824,3 – коммуналдық қызмет және байланыс;

- 1572,9 – ғимаратқа күтім жасау, кеңсе техникаларын жөндеу және толтыру;

- 2829,6 – негізгі құралдар: 2370,6 – әдебиет, 250,0 – моноблок, 209,0 – теледидар.

Өкінішке орай, ғимарат пен жайларға күрделі және ағымдық жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қаражат қарастырылмаған.

*Қ. Сыдықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін жандарға арналған филиалы* Ақтау қаласында орналасқан.

Кітапханада ғаламторға қосылған 2 компьютер жұмыс жасап тұр. Сонымен қатар, Брайльша дисплей, оқитын машина «Книгалюб», ұлғайтқыш құрал, оқитын машина «SARA CE», Брайль принтері «EVEREST DV 4», «ClearReader+» сканерлі

оқитын машина, 2 магнитола, 1 музыкалық орталық, 1 телефон сияқты тифло және кеңсе техникалармен қамтылған.

*Павлодар облыстық көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы* 2020 жылы барлығы 37228,0 мың теңгеге қаржыландырылған. Оның ішінде; 129 дана кітаптарға 100 мың теңге, мерзімді басылымдарға 363 мың теңге жұмсалған. Ғаламтор жүйесін қосуға 624 мың теңге бөлінсе, ағымды жөндеуге (ақтау, сырлау, т.б.) 928,0 мың теңге жұмсалған.

*«Семей қаласының зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы» КММ* 5.01.2017 ж. № 1 келісім-шарт бойынша ЖШС Қазақ соқырлар қоғамының «Семей білім-өндіріс кәсіпорны» ғимаратында 219,04 шаршы метрді жалға алып отыр, оның 1 айлық бағасы 191,0 мың теңгені құрайды.

Кітапханада 5 компьютер (2005, 2007, 2009, 2103, 2014 жылдары алынған), 5 принтер, оның ішінде: 1 матрицалық, 1 түрлі-түсті, 1 көп функциялық, 2 күнделікті қолданысқа арналған принтерлер, 1 кітап оқитын ИНФА 100 машинкасы бар. Жоғарыда аталған кітапхана оргтехникасы ескіріп, кейбіреуі істен шыққан (мысалы, 2005 жылғы компьютер). Кітапхананың байланыс жүйесі стационарлық телефон, АІDІ телефон және ғаламтормен жабдықталған. Ағымдағы жылы Брайль қарпімен кітап шығаратын Duxbery Braille Translator 12,3 бағдарламасы, брайль қағазы мен карточкаларды кесетін машинка (резак) алынған. Арнаулы кітапхананың 50 жылдық мерейтойына орай арнайы оқу залының жиһаздары жаңартылып, газеттер қоятын шкаф, жылжымалы кітап сөресі, қосалқы шкафтар мен кітап сөрелері әкелінген. Сонымен қатар, кітапхананың оқу залында Брайль альфавиті орнатылған.

*Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасының* Брайль кітаптарын шығаруға арналған бөлімінде тифлокомплекттің жұмыс істеуіне көмек көрсетілген. Оның құрамында Брайльдік

принтер және зағиптардың жұмыс жасауына арналған бағдарламалық қамтамасыздандыруы бар компьютер (JAWS экранды қолжетімділік бағдарламасы, DBT принтерде Брайлдың кітаптары мен журналдарын басып шығару бағдарламасы, ELPicsPrint тактильді графиканы басып шығару бағдарламасы) бар. Кітапхананың техникалық құралдары реттелген, профилактикалық жұмыстары жүргізілген. Бағдарламаларды жергілікті жүйелер мен ғаламторға қосу үшін Wi-Fi қол жеткізу нүктесін жаңартқан. Автоматтандыру секторы көзі көрмейтін және әлсіз көретін пайдаланушыларға арналған автоматтандырылған 5 жұмыс орнына қызмет көрсеткен. Jaws for Windows бағдарламасымен көзі көрмейтін азаматтар интернетке қол жеткізе алады және «Focus-40» тактильді дисплеймен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. «4x4 Pro» Брайль принтері жөнделіп, DBT бағдарламасы мен ELPicsPrint тактильді графикалық бағдарламасына баптаулар жүргізілген.

*«Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ* материалдық-техникалық базасы құрамы - 38 компьютер, 11 сканер, 44 принтер, 10 Брайльдік принтер, 10 Брайльдік дисплей, 1 теледидар, 1 видеомагнитофон, 1 музыка орталығы, 1 ламинатор, 6 факс, 1 көшірме аппараты, сондай-ақ, 3 кондиционер, 33 магнитофондар, 2 камера, 4 букингтік жабдықтау, 2 проектор, 1 бөлшектеу машинасы, 2 МФУ-дан тұрады.

Кітапхананың орналасқан жері Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 214. Өкінішке орай, кітапхананың жеке ғимараты жоқ. Қазақ соқырлар қоғамының ғимаратынан 2083 шаршы метр жерді жалға алып отыр. Жалға алу құнының жылдан-жылға артуы кітапхананың жұмыс істеу деңгейіне кедергі болып отырғаны сөзсіз. Бұл аталған өзекті мәселенің шешімі болашақтың еншісінде.

## Қорытынды

Арнаулы кітапханалар Мемлекет басшысы Қ.Ж.Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысындағы «Мүмкіндігі шектеулі жандарға кедергісіз орта қалыптастыру, инфрақұрылымның қолжетімділігін арттыру мәселелеріне көбірек назар аудару керек» - деген сөзін басшылыққа ала отырып, зағип және нашар көретін жандар үшін ақпараттық, білім беру және мәдени-демалыс орталығы ретінде арнаулы кітапхана жұмысын ұйымдастырады.

Ағымдағы жылы барлық арнаулы кітапханаларда негізгі бағыттар бойынша көпшілік іс-шаралар өткізіліп, пайдаланушыларды кітап оқуға тартуда тиімді кітапханалық жұмыстар жүргізілген. Зағип және нашар көретін оқырмандар қажетті арнайы әдебиеттермен қамтамасыз етілген. Жаңа технологиялар арқылы зағип оқырмандарға сұраныстары бойынша ақпараттарға қол жеткізуге барынша жағдайлар жасалынып келеді. Технологиялар бойынша электрондық базаны толықтыру жұмыстары жалғасын табууда. Кітап қоры брайльша және дыбыстандырылған әдебиеттермен, мерзімді басылымдармен жыл көлемінде уақытылы толықтырылған. Арнаулы кітапханалардың мерзімді басылымдарға жазылу жұмыстары жылдан жылға жақсарып келеді десек те болады. Мерзімді басылымдарға жазылу жергілікті бюджет және демеушілер көмегі арқылы, сыйға беру арқылы толықтырылған.

Кітапхананың негізгі көрсеткіштерінің үстеме орындалуы – кітапхана маркетингтік қызметінің дұрыс жасалынуында және іс-шаралардың жоспарлы түрде ұйымдастырылуында, зағип жандар үшін тифлотехникалардың тиімді пайдаланылуында, сонымен қатар, кітапханалық клубтардың атқарған жұмыстары, ел көлемінде ұйымдастырылатын акциялар мен жобалар оқырмандардың қызығушылығын біршама арттырған.

Әсіресе, арнаулы кітапханаларға жастардың қызығушылығы артып келеді.

Арнаулы кітапханалар қызметін зағип жандар ғана емес, олардың отбасы мүшелері, тифлопедагогика, дефектология саласының мамандары, зағип және нашар көретін балаларға арналған мектеп-интернатының оқушылары, жоғарғы оқу орындарының, колледждердің студенттері және осы саладағы барлық мамандар пайдаланады.

Республика бойынша зағип және нашар көретін оқырмандарға 7 облыстық, 5 қалалық, 3 арнаулы бөлім мен 1 филиал және «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсетуде. Оның ішінде арнаулы кітапханалардың 111 кітапханалық пункттері мен 5 филиалы жұмыс істейді.

Қазіргі таңда республикалық, облыстық, қалалық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханаларда оқырмандардың қатысуымен түрлі тақырыпты әдеби кештер, тұсаукесерлер, интеллектуалды сайыстар, ақын-жазушылармен кездесу кештері, Слет пен конференциялар, дәстүрлі ашық есік күндері және тағы басқа іс-шаралар кең көлемде өткізіліп келеді.

Арнайы кітапханалардың мамандары оқырмандарға тез әрі сапалы кітапханалық қызмет көрсетуде уақытылы өз білімдерін жетілдіріп отырады. Оған дәлел, кітапхана мамандарының халықаралық, республикалық конференцияларға, семинар-тренингтерге үнемі қатысып, іс-тәжірибелерден өтіп, алыс-жақын шетелдер мен еліміздің қалаларына іс-сапарларға шығуы.

Қорыта келгенде, арнаулы кітапханалар қызметінің 2020 жылғы есебін талдау барысында кей негізгі көрсеткіштердің төмендегені еліміздегі пандемияның әсерінен болып табылады. Бұл жылы арнаулы кітапханалар басқа мекемелер секілді онлайн режимде жұмыс жасады. Бұған қарамастан, кітапхананы мәдени, білім беретін, бос

уақытты ұтымды пайдаланатын орталыққа айналдыру арқылы түрлі көпшілік және тақырыптық, атаулы іс-шараларға атсалысатын пайдаланушылар санының артуымен еліміздегі арнаулы кітапханалардың кітапханалық-ақпараттық қызметі жанданып келе жатқанын атап өткеніміз жөн. Осы орайда республикамыздағы арнаулы кітапханалардың оқырман сұранысын қанағаттандыруда түйткілді мәселелерінің бірі қазақ тілінде нүктелі-бедерлі қаріптегі әдебиеттердің жетіспеушілігі болып отыр. Сонымен қатар, «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда, арнаулы кітапхана қорларындағы дәстүрлі кітаптарды электрондық түрге ауыстыру үшін қажетті техникалармен қамтамасыз ету және жаңа кітаптар мен мерзімді басылымдар алу үшін қаржының аз бөлінуі өзекті мәселеге айналып отыр.

Алдыңғы тараулардағы сараптамаларда айтылған кейбір кемшіліктерге қарамай, арнаулы кітапханалардың материалдық-техникалық базасы жақсарып келеді. Дегенмен, бүгінгі таңда облыстық зағип және нашар көретін кітапханалардың өз статустарын (мәртебесін) жоғалтып, жергілікті жерлердегі ОӘФК арнайы бөлімдері болып қалуы, ерекше топтағы мүмкіндігі шектеулі оқырмандарға кітапханалық қызмет көрсету сапасының төмендеуіне әкеліп соғып отыр.

Ал, осы уақытқа дейін шешімін таппаған өзекті мәселе - республика бойынша 9 арнаулы кітапхананың жеке ғимаратының жоқтығы (қалған 8 арнаулы кітапхана өз жеке ғимаратында орналасқан.). Жыл өткен сайын ғимараттарды жалға алу құнының артуы кітапхананың жұмыс істеу деңгейіне кедергі болатыны белгілі. Дегенмен, бұл аталған өзекті мәселелердің шешімі арнайы кітапханаларға деген оң көзқарас, уақыт пен кітапханаға бөлінетін қаражаттың еншісінде.

Алдағы уақытта арнаулы кітапхана ақпаратты ұсынуда пайдаланушылардың талап-тілектері мен сұраныстарын әрі қарай да толық орындауға ыңғайлы жағдай жасап, қызықты әрі жаңаша сипаттағы жобаларды жүзеге асырады деп сенеміз.



**«Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған  
республикалық кітапхана» РММ**

**Қазақстан Республикасы арнаулы  
кітапханаларының  
2020 жылғы жұмысына  
сараптамалық-статистикалық талдау**

**Алматы, 2021**

**Арнаулы кітапханалардың кітап қоры  
2020 жыл**

Ақтөбе облыстық	Нұр-Сұлтан қалалық	Атырау ОӘК арнаулы бөлімі	Алматы ОК арнаулы бөлімі	Шығыс Қазақстан облыстық	Жамбыл облыстық	Батыс Қазақстан облыстық	Қарағанды облыстық	Қызылорда облыстық
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>	<b>6</b>	<b>7</b>	<b>8</b>	<b>9</b>
36510	1924 8	28611	30206	82953	3807 3	45769	80320	29021
Қостанай ОӘК арнаулы бөлімі	Көкшетау қалалық	Маңғыстау ОӘК филиалы		Павлодар облыстық	Петропавл қалалық	Семей қалалық	Шымкент қалалық	«ЗНКААРК» РММ
<b>10</b>	<b>11</b>	<b>12</b>		<b>13</b>	<b>14</b>	<b>15</b>	<b>16</b>	<b>17</b>
22492	2659 5	12042		71445	4110 5	46719	138900	250731

**Арнаулы кітапханалардың оқырман саны  
2020 жыл**

Ақтөбе облыстық	Нұр-Сұлтан қалалық	Атырау ОӘК арнаулы бөлімі	Алматы ОК арнаулы бөлімі	Шығыс Қазақстан облыстық	Жамбыл облыстық	Батыс Қазақстан облыстық	Қарағанды облыстық	Қызылорда облыстық
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>	<b>6</b>	<b>7</b>	<b>8</b>	<b>9</b>
750	1010	670	830	1968	1100	2200	1650	1949

Қостанай ОӘК арнаулы бөлімі	Көкшетау қалалық	Маңғыстау ОӘК филиалы	Павлодар облыстық	Петропавл қалалық	Семей қалалық	Шымкент қалалық	«ЗНКААРК» РММ
<b>10</b>	<b>11</b>	<b>12</b>	<b>13</b>	<b>14</b>	<b>15</b>	<b>16</b>	<b>17</b>
669	1135	322	1487	967	941	4439	2186

**Арнаулы кітапханалардың кітап берілімі  
2020 жыл**

Ақтөбе облыстық	Нұр-Сұлтан қалалық	Атырау ОҒӘК арнаулы бөлімі	Алматы ОҚ арнаулы бөлімі	Шығыс Қазақстан облыстық	Жамбыл облыстық	Батыс Қазақстан облыстық	Қарағанды облыстық	Қызылорда облыстық
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>	<b>6</b>	<b>7</b>	<b>8</b>	<b>9</b>
21000	25010	16906	23335	77820	18272	31534	44210	22224

Қостанай ОӘК арнаулы бөлімі	Көкшетау қалалық	Маңғыстау ОӘК филиалы	Павлодар облыстық	Петропавл қалалық	Семей қалалық	Шымкент қалалық	«ЗНҚААРК» РММ
<b>10</b>	<b>11</b>	<b>12</b>	<b>13</b>	<b>14</b>	<b>15</b>	<b>16</b>	<b>17</b>
19960	26917	1258	111823	32605	28119	99087	70017

**Республика зағип азаматтарын кітапханалық қызметпен қамту %**

Арнаулы кітапханалар атауы	Зағип және нашар көретін тұрғындар саны (қала, облыс бойынша)	Зағип оқырмандар саны	Нашар көретін оқырмандар саны	Зағип және нашар көретін азаматтардың кітапханалық қызметпен қамтылуы
Ақтөбе облыстық	1010	250	150	39,6 %
Нұр-Сұлтан қалалық	500	242	258	100 %
Атырау ОҒӘК арнаулы бөлімі	786	213	290	64 %
Алматы ОҚ арнаулы бөлімі	1325	172	201	28,2 %
Шығыс Қазақстан облыстық	1307	419	399	62,6 %
Жамбыл облыстық	615	417	198	100 %
Батыс Қазақстан облыстық	1512	400	404	53,2 %
Қарағанды	3571	344	471	22,8 %

облыстық				
Қызылорда облыстық	1001	417	565	98,1 %
Қостанай ОӘФК арнаулы бөлімі	4500	131	192	7,2 %
Көкшетау қалалық	1503	640	250	59,2 %
Маңғыстау ОӘК филиалы	721	96	198	40,8 %
Павлодар облыстық	27853	183	889	3,8 %
Петропавл қалалық	671	1104	414	226,2 %
Семей қалалық	560	171	100	48,4 %
Шымкент қалалық	2329	289	129	17,9 %
«ЗНКААРК» РММ	1286	845	709	120,8 %
<b>Барлығы</b>	<b>51050</b>	<b>6333</b>	<b>5817</b>	<b>23,8 %</b>

Арнаулы кітапханалар атауы	Компьютерлер саны	ААЖ-ҚР АҚ	Интернет
Ақтөбе облыстық	11	1	1
Нұр-Сұлтан қалалық	7	-	1
Атырау ОӘФК арнаулы бөлімі	6	1	3
Алматы ОК арнаулы бөлімі	5	2	1
Шығыс Қазақстан облыстық	30	1	1
Жамбыл облыстық	23	1	1
Батыс Қазақстан облыстық	22	1	1
Қарағанды облыстық	23	1	2
Қызылорда облыстық	13	2	4
Қостанай ОӘФК арнаулы бөлімі	10	1	1
Көкшетау қалалық	3	1	1
Маңғыстау ОӘК филиалы	2	1	1

Павлодар облыстық	32	1	4
Петропавл қалалық	3	-	1
Семей қалалық	5	1	1
Шымкент қалалық	38	-	1
«ЗНКААРК» РММ	38	1	1
<b>Барлығы</b>	<b>271</b>	<b>16</b>	<b>26</b>

**№ 4 кесте**  
**ҚР арнаулы кітапханаларының облыстар бойынша кітап қорының өсуі (% есебімен)**  
**Рост книжного фонда спецбиблиотек РК в разрезе областей (в %)**

<b>№</b>	<b>Арнаулы кітапханалар</b>	<b>2019 ж.</b>	<b>2020 ж.</b>	<b>Өсімі (+/-) рост</b>
1	Ақтөбе облыстық	0,9 %	0,9 %	0
2	Нұр-Сұлтан қалалық	3,6 %	1 %	-2,6 %
3	Атырау ОҒӘК арнаулы бөлімі	2,1 %	0,5 %	-1,6 %
4	Алматы ОК арнаулы бөлімі	0,02 %	0,3 %	-0,28 %
5	Шығыс Қазақстан облыстық	3,1 %	3,2 %	+0,1 %
6	Жамбыл облыстық	3,1 %	4,5 %	+1,4 %
7	Батыс Қазақстан облыстық	2,5 %	2,8 %	+0,3 %
8	Қарағанды облыстық	1,7 %	1,4 %	-0,3 %
9	Қызылорда облыстық	1,7 %	1,2 %	0,5 %
10	Қостанай ОӘФК арнаулы бөлімі	4,7 %	4 %	-0,7 %
11	Көкшетау қалалық	5,6 %	2,4 %	-3,2 %
12	Маңғыстау ОӘК филиалы	6,9 %	8,8 %	+1,9 %
13	Павлодар облыстық	2,3 %	0,7 %	-1,6 %
14	Петропавл қалалық	2,9 %	1,9 %	1 %
15	Семей қалалық	2,8 %	1,7 %	-1,1 %
16	Шымкент қалалық	2,2 %	2,3 %	+0,1 %

17	«ЗНКААРК» РММ	0,6 %	0,6 %	0
	<b>Орта есеппен</b>	<b>2 %</b>	<b>1,7 %</b>	<b>-0,3 %</b>

**№ 5 кесте**

**ҚР арнаулы кітапханаларының қазақ тіліндегі кітап қоры  
Книжный фонд на казахском языке в спецбиблиотеках РК**

<b>№</b>	<b>Арнаулы кітапханалар</b>	<b>2019 жыл</b>	<b>2020 жыл</b>	<b>Жалпы қордан % есебімен От общ. фонда</b>
1	Ақтөбе облыстық	12382	12081	33 %
2	Нұр-Сұлтан қалалық	2901	3031	15,7 %
3	Атырау ОҒӘК арнаулы бөлімі	10266	10367	36,2 %
4	Алматы ОК арнаулы бөлімі	8214	8306	27,5 %
5	Шығыс Қазақстан облыстық	12609	12609	15,2 %
6	Жамбыл облыстық	16790	17789	46,7 %
7	Батыс Қазақстан облыстық	16162	17000	38,2 %
8	Қарағанды облыстық	13228	13619	17,1 %
9	Қызылорда облыстық	15226	15515	53,5 %
10	Қостанай ОӘФК арнаулы бөлімі	2826	2358	10,5 %
11	Көкшетау қалалық	7672	8002	30 %
12	Маңғыстау ОӘК филиалы	5024	5263	43,7 %
13	Павлодар облыстық	15350	12774	17,9 %
14	Петропавл	5505	5724	14 %

	қалалық			
15	Семей қалалық	8944	9122	19,5 %
16	Шымкент қалалық	31154	33324	24 %
17	«ЗНКААРК» РММ	32509	33194	13,2 %
	<b>Барлығы</b>	<b>216762</b>	<b>220078</b>	<b>22 %</b>

**№ 6 кесте**  
**Басылымдар түрі бойынша бөлінуі**  
**Распределение по видам изданий**

<b>Басылымдар түрі</b>	<b>2019 жыл</b>	<b>2020 жыл</b>	<b>Жалпы қордан % есебімен От общ. Фонда</b>
Нүктелі-бедерлі	200967	203194	<b>20,3 %</b>
Дыбыстандырылған	306904	304410	<b>30,5 %</b>
Жайпақ баспалы	425950	444050	<b>44,4 %</b>
Электронды	31467	36126	<b>3,6 %</b>

**№ 7 кесте**  
**Білім саласы бойынша бөлінуі**  
**Распределение по отраслям знаний**

	<b>2019 жыл</b>	<b>2020 жыл</b>	<b>%</b>
Қоғамдық-саяси әдебиеттер	182366	187711	<b>18,8 %</b>
Жаратылыстану, ғылым, денсаулық сақтау, медицина	46152	45577	<b>4,6 %</b>
Техника, ауыл және орман шаруашылығы	26217	25490	<b>2,6 %</b>
Өнер, дене тәрбиесі және спорт	57824	58187	<b>5,8 %</b>



Филология ғылымы	50126	54370	<b>5,4 %</b>
Көркем әдебиет	607228	630066	<b>63 %</b>

### Мазмұны

1	Кіріспе.....	3
2	Арнаулы кітапханалардың негізгі міндеттері.....	6
3	Арнаулы кітапханалардағы өзгерістер.....	8
4	Кітап қорын толықтыру.....	13
5	Кітап қорының сақталымы.....	27
6	Мерзімді басылымдарға жазылу.....	28
7	Арнаулы кітапханаларда өткізілген іс-шаралар және оларды ұйымдастыру.....	33
8	Арнаулы кітапханалардың қоғамдық ортамен байланысы.....	53
9	ҚР арнаулы кітапханаларын әдістемелік қызметпен қамтамасыз ету.....	61
10	Арнаулы кітапханаларындағы кітап оқуды дамыту шаралары.....	71
11	Кітапханалық-библиографиялық процестерді автоматтандыру. Жаңа ақпараттық технологияны енгізу.....	79
12	Арнаулы кітапханалардың материалдық-техникалық базасы.....	87

13	Қорытынды.....	93
14	Қосымша (кестелер).....	97

**Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған  
республикалық, облыстық, қалалық  
арнаулы кітапханалардың  
2020 жылғы жұмысына  
аналитикалық және статистикалық шолу**

**Құрастырушы:** Н. К. Камалбекова  
**Редактор:** А. С. Рахимжанова  
**Компьютерде беттеген:** М. Қ. Әмірова

**Мекен-жайымыз:** Алматы қаласы, Бөгенбай батыр  
көшесі, 214

**Кітапхана ісін дамыту, библиография және тифлология  
бөлімі**

Тел.: 8(727) 293 70 17  
Электронды почта: [rbnsg\\_metodist@mail.ru](mailto:rbnsg_metodist@mail.ru)